ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

МУЗЫКА МЕКТЕПТЕРІ ҮШІН «ДӘСТҮРЛІ ӘН АЙТУ» ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА И МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРЕДМЕТУ «ТРАДИЦИОННОЕ ПЕНИЕ» ДЛЯ МУЗЫКАЛЬНЫХ ШКОЛ

Астана, 2016

Музыка мектептері үшін «Дәстүрлі ән айту» пәні бойынша білім беретін оқу бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016 ж., – 138 б.

Образовательная учебная программа и методические рекомендации по предмету «Традиционное пение» для музыкальных школ – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2016 г. – 138 с.

«Дәстүрлі ән айту» пәні бойынша білім беру бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің педагогтеріне арналған және оқытудың мақсатын, міндеттерін, мерзімін, мазмұнын, әр сынып бойынша бағдарламалық талаптарды, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды.

Образовательная программа и методические рекомендации по предмету «Традиционное пение» предназначена для педагогов детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств и определяет цель, задачи, сроки обучения, содержание, программные требования по каждому классу, ожидаемые результаты освоения учебного предмета, критерии оценок, методическое обеспечение предмета.

ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады (2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)

Рекомендовано Учебно-методическим советом РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» (протокол от 5 мая 2016 года №2)

©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016

Мазмұны

1	Түсінік хат	5
2	Бағдарламаны іске асыру шарттары	8
3	1 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар	9
4	1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны	9
5	1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	10
6	2 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар	11
7	2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны	11
8	2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	12
9	3 сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	13
10	3 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны	13
11	3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	15
12	4 сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар	15
13	4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны	16
14	4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	17
15	5 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар	17
16	5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны	18
17	5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	19
18	6-7 сыныптарға арналған болжамды бағдарламалық талаптар	20
19	6-7 сыныптардағы оқу пәнінің мазмұны	20
20	6-7 сыныптардың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер	21
21	Оқыту нәтижелерін бағылау өлшемдері және бақылау түрлері	23
22	Әдістемелік ұсынымдар	28
23	Сыныптар бойынша болжамды репертуарлық тізім	55
24	Қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі	65

Содержание

1	Пояснительная записка	71
2	Условия реализации программы	75
3	Примерные программные требования по 1 классу	75
4	Содержание учебного предмета 1 класса	75
5	Ожидаемые результаты освоения программы 1 класса	77
6	Примерные программные требования по 2 классу	77
7	Содержание учебного предмета 2 класса	78
8	Ожидаемые результаты освоения программы 2 класса	79
9	Примерные программные требования по 3 классу	79
10	Содержание учебного предмета 3 класса	80
11	Ожидаемые результаты освоения программы 3 класса	81
12	Примерные программные требования по 4 классу	82
13	Содержание учебного предмета 4 класса	82
14	Ожидаемые результаты освоения программы 4 класса	83
15	Примерные программные требования по 5 классу	84
16	Содержание учебного предмета 5 класса	84
17	Ожидаемые результаты освоения программы 5 класса	85
18	Примерные программные требования по 6-7 классу	86
19	Содержание учебного предмета 6-7 класса	86
20	Ожидаемые результаты освоения программы 6-7 класса	87
21	Виды контроля и критерии оценок результатов освоения программы	89
22	Методические рекомендации	95
23	Примерные репертуарные списки по классам	123
24	Список использованной и рекомендуемой литературы	133

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Дәстүрлі ән айту» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Дәстүрлі ән айту» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі − Бағдарлама) мақсатын, міндеттерін, оқыту мерзімін, мазмұнын, сыныптар бойынша бағдарламалық талаптарды, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәнді әдістемелік қамтамасыз етуді анықтайды.

2. Білім беру мазмұнының жаңартылуының нәтижесі дегеніміз – білім алушылардың меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдану және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін игеру болып табылады.

3. Бағдарламаны іске асыру мерзімі – 5-7 жылды құрайды.

4. Бағдарламаның мақсаты: білім алушыларды рухани және музыкалық дамыту, балаларды ұлттық мәдениет негіздеріне тарту, білім алушыларды дәстүрлі әнге оқыту үшін жағдай жасау, орындаушылық шеберліктерді практикада меңгеру арқылы білім алушылардың шығармашылықтарын дамыту, вокалдық орындаушылық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) дәстүрлі ән өнерімен таныстыру;

2) дәстүрлі әндерді нотаға қарамай, жанды дауыспен орындауға үйрету;

3) әндерді домбыраның сүйемелдеуімен орындаудың негізгі тәсілдеріне оқыту;

4) түрлі өңірлік мектептердің халық әндерін дәстүрлі орындау негіздерімен, аңыз-әндердің пайда болу тарихымен, халық өнерін осы күнге жеткізген, әртүрлі жылдардағы халық әндерін орындаушылардың өз нұсқалары және ерекшеліктерімен таныстыру;

5) балалардың шығармашылық қабілеттерін, түйсіктерін, эстетикалық талғамдарын, музыкалық есту қабілеттерін, суырып-салу білігін, музыкалық дәстүрлерде бағдарлана алуын дамыту, білім алушының даралығын бекітуге ықпал ету.

6. Бағдарлама білім алушы тұлғасын кешенді дамытуға, әншілік қызмет білігін қалыптастыруға, дәстүрлі әннің арнайы дағдыларын жетілдіруге, әншілік дауыстың негізгі қасиеттерімен дауыс аппаратының қызметін үйлестіру және есту дағдыларын дамытуға бағытталған.

7. Оқыту білім алушының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеріп құрылады және саралау (дифференциация) мен даралауға (индивидуализации) негізделеді.

8. Дәстүрлі әндерді орындау арқылы музыкаға тарту музыкалық түсініктер туралы білімдерін тереңдетеді. Музыка өнерінің даму тарихындағы негізгі сипаттарын ашу білім алушыларды халық әндерінің озық үлгілерін орындау, тарату дәстүрлеріне, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге тартады және дәстүрлі ән бойынша сабақтың негізін қалайды. Вокалдық жұмыс, репертуарды таңдау - білім алушыға түсінікті болатындай материалдардан құрылуы қажет.

9. Бағдарлама білім алушыларды ұлттық мәнерде домбырамен ән салуға оқытады. Халық әні мамандығында білім алушы, біріншіден, ән салу әдісін, екіншіден, дауыс пен домбыраны үйлестіріп орындауды, үшіншіден, домбыра аспабын еркін ойнауды меңгереді.

10. Білім беру бағдарламасының мазмұны қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне негізделеді: қазақтың дәстүрлі әндері, күйлері, халық композиторларының, Қазақстанның заманауи композиторларының әндері.

Қазақтың ұлттық музыка өнерінің бағыттары – *ән, күй, жыр* өңірлік орналасу орындарына сәйкес бірнеше орындаушылық мектептерге бөлінеді. Бұл мектептер шартты түрде: Арқа (орталық, солтүстік және шығыс облыстар), Жетісу (оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстар) және Батыс (батыс және оңтүстік-батыс облыстар) деп аталады.

11. «Дәстүрлі ән айту» пәні әр білім алушыға жеке-саралау тәсілімен қарауға бағытталған. Музыкалық білімді меңгеруде, балалардың сабақтарға деген қызығушылықтарын оятуда түсінікті, жүйелі және сатылы болуына үлкен назар аударылады.

12. «Дәстүрлі ән айту» оқу пәні балалардың дәстүрлі ән айту, домбырада ойнау білімін, білігін және дағдыларын алуға, олардың көркемдік білім алуларына, сондай-ақ білім алушыға эстетикалық тәрбие беруге және рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған.

13. Дәстүрлі әнге оқыту музыкалық сауатты, нотаны парақтан оқуды, домбырада ойнау дағдыларын, сүйемелдеу негіздерін меңгеру және өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қамтиды.

14. Бағдарлама музыкалық қабілеттері бар балаларға арналған. Білім алушы теориялық білімді практикамен қатар алады.

15. Пәннің оқу жоспарындағы «Этносольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті» пәндерімен пәнаралық байланыста.

16. Оқытуды даралау жағдайында білім алушының табиғи қабілеттеріне, оның физикалық және музыкалық дамуы деңгейіне сәйкес оқыту материалын өткізудің түрлі формалары, әдістері, жылдамдықтары қолданылады, ол оқытудың жеке жоспарын көрсетеді.

Педагог балалардың қызығушылықтары мен ата-аналарының қалауын ескеріп, білім алушының жеке жоспарын әзірлейді.

17. Әр білім алушының жеке жоспарына сыныптарына сәйкес қазақ дәстүрлі әндері енгізіледі. Музыканың ұлттық өзгешеліктері әуездік-екпіндік қатарда, ладта, метроритмде, тембрде байқалады. Бұл ерекшеліктерді ажырату және орындау барысында оларды ерекшелеу білігі бірінші сабақтардан-ақ тәрбиеленеді. Үйретіліп отырған шығарманың мазмұны, стилі, орындау сипаты, техникалық міндеттері – осылардың барлығы дәстүрлі әнмен жұмыстың негізгі кезеңдері болып табылады.

19. Бағдарлама білім алушыларды 1-2 сыныпта домбыра аспабының құрылысымен, аспапта ойнау тәсілдерімен, «қара өлең» халық әндерімен, заманауи балалар әндерімен таныстырады, ал 3-4 сыныптарда білім алушылар өңірлік ән мектептерінің дәстүрлі әндерімен, оларды орындау тәсілдерімен танысады, әншілік қызмет білігі қалыптасады, дәстүрлі ән айту дағдылары жетілдіріледі. 5-6 сыныптарда музыкалық есту қабілетін, есту түсініктерін, музыкалық-теориялық білімдерін жетілдіру және дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылады.

20. Оқу қызметін ұйымдастырудың негізгі формасы – аптасына 2 академиялық сағат көлемінде өткізетін педагог пен білім алушының жеке формада өткізілетін сабақтары.

21. Вокалдық педагогикада жалпы дидактикамен қатар, әншілік қызметтің ерекшелігін көрсететін әдістер қалыптасқан: бұл концентрациялық, фонетикалық, салыстырмалы талдау әдісі және басқалары. Олар танымдық процесті практикалық білікпен біріктіреді.

1) Түсіндірмелі иллюстративті әдістердің формалары: кәсіби вокалдық дыбысталу мен осындай дыбысталуды шығаратын дауыс аппаратының жұмыс тәсілдерін сөзбен жеткізу және көрсету (вокалдық иллюстрация) арқылы түсіндіру.

2) Осылайша, репродуктивті үйлестірілген түсіндірмелі-иллюстративті әдіс – түйсіксіз еліктеуден көркемдік бейнені түсінуге және орындаушылықтың вокалдық тәсілдері мен амалдарын саналы түрде іздеуге дейінгі білім алушылардың шығармашылық даму жолы.

3) Шығармашылық әдіс – көркем-эстетикалық тәрбиенің маңызды әдісі. Білім алушының шығармашылық қызметінде қайталанбас және ерекше, дара, бастамашыл, жеке қабілеттері, ойлау және қиялдау ерекшеліктері көрінеді.

4) Бағадарламаның барлық құрамдас бөліктерінің (мақсаты, міндеттері, тақырыптары, мазмұны, пайдаланылатын репетуар), бұл әр оқу жылының мазмұны мен вокалдық бағдарламаның барлық құрылымының арасындағы үйлесімділікке қол жеткізуге мүкіндік береді.

5) Стильдік тәсіл әдісі білім алушылардың бойында вокалдық шығарманы саналы түрде стильдік қабылдауды біртіндеп қалыптастыруға бағытталған.

6) Шоғырландыру әдісі бойынша оқытуды білім алушының дауыс диапазонының ортасынан, дыбысталудың қажетті кәсіби сапасын қалыптастыру, содан кейін осындай дыбысталуды дауыс диапазонымен жоғары және төмен біртіндеп тарату керек. Бұл тәсілдің ерекше өзгешеліктері болып әншіні оқытуда жеке тәсілді қолдану табылады.

7) Фонетикалық әдіс әнге оқытып отырған білім алушылардың сөйлеу тәжірибесіне сүйенуге, жақсы ұйымдастырылған, анық сөйлеу стереотиптерін тартуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс осы кемшіліктермен күресуге көмектеседі және артикуляциялық аппаратттың қызметін белсенді дұрыс құрудың көмегімен көмей мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын белсендіруге көмектеседі.

8) Салыстырмалы талдау әдісі бірінші сабақтардан бастап-ақ балалардың өздерінің әншілік дауыстарына эстетикалық бағасын беруде пайдаланылады. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы арқылы балалар тек естуді ғана үйреніп қоймай, сондай-ақ ән айтуды үйрену процесінде өздерін бақылау дағдыларын қалыптастырады.

21. Білім алушыларды табысты дамытуды диагностикалау тәсілдерін әзірлеу – тиімді оқытудың қажетті шарты болып табылады. Табиғи вокалдық қабілеттер алғашқы деңгей ретінде ең алдымен білім алушыларды тыңдау және таңдау кезінде анықталады. Музыкалық даму деңгейін бағалау кезінде әншілік дауыстың сапасы, ритмиканың, интонацияның тазалығы, жоғары дыбыстық диапазон, орындалып отырған шығармаға ілтипат ескеріледі.

22. Инновациялық әдістерді пайдалану, оның ішінде, мәселелі-креативті әдіс пен компьютерлік үлгілеу әдісі - педагогтің өзі-өзі дамытуын және кәсіби біліктілігін арттыруды талап етеді.

23. «Дәстүрлі ән айту» пәнінің сабақтарында педагог келесі тәсілдерді қолданады:

1) эмоциялық әсер – педагог эмоциялы бояуды назар аудартатын интонациямен оны меңгеруге қызығушылықтарын оята отырып, ауызша ән материалдарын жеткізеді;

2) таңдану – педагог таңдану әсерін жасай отырып, таныс ақпараттың жаңа қырын ашады;

3) жарыстыру – педагог жарыс жағдайының үлгісінде білім алушылардың сабақтағы белсенділіктерін қолдайды;

4) баланың ұжымда табысты болу жағдайын жасау – педагог олардың даму деңгейлеріне сәйкес білім алушыларға жеке тапсырмалар береді.

24. **Бағдарламаны іске асыру шарттары.** Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің материалдық-техникалық

базалары санитарлық, өртке қарсы және еңбекті қорғау нормаларына сәйкес болуы қажет.

25. Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін домбыра, қыл-қобыз, жетіген, баян, фортепиано; пюпитрлар; CD және DVD-таспаларын тыңдауға арналған құрылғылар; аудио және видео құрылғылары; ноталық әдебиеттер, оқу-әдістемелік әдебиеттер; фонотека мен видеотека болуы тиіс.

26. «Дәстүрлі ән айту» пәні өткізілетін кабинеттер жеткілікті, арнайы дыбыс ұстағыш құралдармен жабдықталуы керек сонымен қатар заманауи оқуға қажетті жиһаздармен қамтылуы қажет.

27. **1 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар.**

Бірінші сыныпта музыкалық сабақтарға деген тұрақты, эмоциялық-жағымды қызығушылықтарды қалыптастыру маңызды.

Оқу жылының ішінде білім алушылардың бойында музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және дағдылар қалыптасады. Тыңдау, музыканы қабылдау және есте сақтау, музыканы қабылдауға деген музыкалық ілтипат дағдылары қалыптасады.

«Ноталық стан», «қазақтың дәстүрлі әні», «дәстүрлі ән айту», «динамикалық дыбыстар», «кварта» (оң бұрау), «квинта» (теріс бұрау), «диапазон», «дыбыс реңкі» (тембр) – түсініктерімен танысу.

Әншілік тыныс алу және дауыстың дұрыс әншілік дыбысталу негіздері қалыптасады. Домбырада ойнау білігі, әндерді ойнау тәсілдері қалыптасады.

Оқу жылында болжаммен 10-15 музыкалық шығарма үйретілуі тиіс.

28. **1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.**

1-бөлім. Пәнге кіріспе. Музыка өнері туралы әңгіме.

1-тақырып. Музыкалық-бейнелі ойлау мен музыкалық есту қабілетін қалыптастыру және дамыту.

2 -тақырып. Әлем музыкасы туралы әңгіме.

3-тақырып. Қазақтың ұлттық өнері туралы әңгіме.

4-тақырып. Ноталық станмен танысу.

2-бөлім. Халық әндерін орындаудың (шырқаудың) дәстүрлі нақыштары туралы түсінікті қалыптастыру.

1-тақырып. Халық әндерін орындау ерекшеліктерімен танысу.

2-тақырып. Халық әндерін дәстүрлі нақышта орындайтын мектептер.

3-тақырып. Халық әндерін дәстүрлі нақышта орындайтын мектептердің ерекшеліктері.

3- бөлім. Білім алушыны «домбыра» аспабымен таныстыру.

1-тақырып. Аспап және оның құрылымымен таныстыру. Аспаптың негізгі бөліктері: шанағы (корпус)-тиегі, резонатор, мойыны, бағыттау түймелері; құлағы – күйге келтіру тетігі. Аспапты 1 октавада

ре соль-ге келтіру. Домбырада ойнау тәсілдері: қолдың барлық саусақтарымен ішекті қағып ойнау және ішектерді шертіп ойнау.

2-тақырып. Ойын барысында дұрыс орнығу, оң және сол қолды қою. Аспапты дұрыс орнықтыру. Саусақтарды домбыраның мойнына және ноталық станға орналастыру. Аспаптың мойнындағы дыбыстардың орналасуы.

3-тақырып. Домбырада ойнаудың дәстүрлі тәсілдерін (штрихтарын) көрсету және білім алушылардың оларды меңгеруі. Жоғары-төмен қағуды орындау. Аппликатура. 2/4.

4-тақырып. Домбырада ойнаудың түрлі тәсідерін меңгеруге арналған жаттығулар.

5-тақырып. Аспапты күйге келтіруді үйрету. Мойын құлақтарын күйге келтіру.

4-бөлім. Әншілікке үйретудің алғашқы қадамы.

1-тақырып. Дауыс аппаратын дайындау. Әншілік дауыстың (диапазон) дыбыстық көлемі, дауыс бояуы (тембр, тесситура).

2-тақырып. Баланың дауыс аппаратымен жұмыс.

3-тақырып. Дауысты қоюға арналған жаттығулар.

4-тақырып. Дұрыс тыныс алу. Дұрыс тыныс алудың элементтері. Вокалға арналған тыныс алу жаттығулары.

5-тақырып. Домбыраның сүйемелдеуімен вокалға арналған жаттығуларды орындау.

6-тақырып. Музыкалық есту қабілетін дамыту.

7-тақырып. Білім алушының мүмкіндіктерін ескере отырып, репертуарды таңдау. Музыкалық материалды тыңдау және танысу. Әуендерді жаттау, домбырада дыбыстарды шығару.

8-тақырып. Балалар әндері. Халық әндері және заманауи Қазақстан композиторларының әндері.

29. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Оқытудың соңында 1 сыныптың білім алушысы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қазақ музыка мәдениеті тарихының ерекшеліктерін біледі;

2) дәстүрлі ән туралы түсініктері болады;

3) музыкалық аспапты (домбыра), оның құрылымын біледі, өз бетінше аспапты күйге келтіре алады;

4) ойын барысында дұрыс отыруды, оң қол мен сол қолды қоюды біледі;

5) естуі бойынша домбыраны ажыратады;

6) терминдер мен түсініктерді біледі: ноталық стан, ноталардың ұзақтығы, аппликатура, ауыспалы штрих, пунктирлі штрих, жоғары, төменгі қағыс;

7) аспаптың мойнындағы дыбыстардың орналасуын біледі;

8) шағын шығарманы нота бойынша талдай алады;

9) жаттығуларды ноталық дәптерге жазуды, аспапта парақтан оқуды, техникалық жаттығуларды ойнауды біледі;

10) дәстүрлі ән мектептері туралы түсінігі бар;

11) халық әндерін дәстүрлі нақышта орындау мектептерінің ерекшеліктерін біледі;

12) дәстүрлі ән мектептерінің өкілдерін біледі;

13) дәстүрлі ән мектептерінің ерекшеліктерін біледі;

14) домбыраның көркемдік-орындаушылық мүмкіндіктерін біледі;

15) жеңіл музыкалық шығарманы орындай алады;

16) естуді бақылауды тәрбиелеу дағдыларына және музыкалық шығарманы орындау процесін басқару білігіне ие;

17) домбыраның сүйемелдеуімен әндерді орындайды;

18) орындаудың көркемдік-мәнерлі құралдарын біледі және практикада қолдана алады;

19) орындалатын музыкалық шығармаларды талдай алады;

20) домбырада ойнаудың түрлі тәсілдерін біледі;

21) музыкалық шығармаларды жаттау әдістері мен орындаушылық қиындықтармен жұмыс тәсілдері туралы түсініктері қалыптасқан;

22) музыкалық есте сақтау жадын дамыту;

23) байқаулық өнер көрсету дағдыларына ие.

30. **2 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар.** 2 сыныпта музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және дағдылардың қалыптасуының алғашқы кезеңі жалғастырылады.

Білім алушылар «дауыс аппараты» түсінігімен, әншілік дауыстың негізгі қасиеттерімен (диапазон, тесситура, күш, тембр) танысады, ән айту процесінде әншілік нұсқауларды сақтау білігін, вокалдық дағды негіздерін, көмейдің тұрақты күйін сақтауды, иықты көтермей байыппен тыныс алуды, ән айтуда демді ішке тарту күйін сақтауды, байыппен, үнемдеп дем шығаруды үйренеді.

Есту дағдылары, артикуляция, эмоциялық мәнерлі дағдылары, әншілік дауыстың негізгі қасиеттері (сыңғырлаушылығы, қалықтаушылығы, тембрінің қалыптылығы) қалыптасады.

Білім алушылар нотаны оқуды, сөздерді дұрыс шығаруды, ән айту барысында өздерін бақылауды үйренеді.

Домбырада ойнау техникасын меңгеру, домбыраның сүйемелдеуімен әндерді орындау, дәстүрлі әндер мен ән тектес күйлерді орындауды меңгеру жалғастырылады.

31. **2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.**

5-бөлім. Вокалдық-орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Дәстүрлі әндерді орындау дағдыларын қалыптастыру.

1-тақырып. Әншілік дағдыларды дамыту. Әншілік нұсқау, дауыс аппаратының құрылымы, дауыс гигиенасы. Ән айту барысындағы дененің қалпы. Балаларды вокалдық дамыту ерекшеліктері мен вокалдық жаттығулар кешені. Балалардың жеке ерекшеліктерінің есебі. Вокалдық жаттығулар – білім алушылардың вокалдық дағдыларын дамыту құралы. Балаларға дәстүрлі әндерді үйрету процесі.

2-тақырып. Ән айтуды домбырамен сүйемелдеу техникасын дамыту. Ақындық мелодиялық формула (ән-шақыру).

3-тақырып. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің әндерін орындауға үйрету. Қазақтың дәстүрлі әндерін орындаудың ерекшеліктері. Халық әндерін орындау дағдыларын қалыптастыру.

4-тақырып. Мазмұны және көлемі жағынан күрделі әндерді орындауға үйрету.

5-тақырып. Әуендерді домбыраның сүйемелдеуімен орындау техникасына оқыту. Педагогпен ансамбльде ойнау. Сүйемелдеуді тыңдау білігі. Әуеннің интонациялық мәнерлілігі. Жатық әуен. Музыкалық фраза мен музыкалық тепе-теңдікке қол жеткізуді жасау.

6-тақырып. Әнді орындағанда дыбыс, дыбыстық бояулар (mp, p, mf, f, ff т.б.).

7- тақырып. Тыныс алу. Баланың дауыс аппаратымен жұмыс.

8-тақырып. Дауыс гигиенасы.

9-тақырып. Дауыс мүмкіндіктерін жетілдіру.

10-тақырып. Ән айту кезіндегі дауысты қою. Дұрыс тыныс алу, тыныс алу және тыныс шығару жаттығулары, дыбыс шығару.

11- тақырып. Артикуляция, дауыс аппаратын дайындау және дамыту.

12- тақырып. Сахна мәдениетін қалыптастыру.

32. **2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.**

Оқытудың соңында екінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылымын біледі және дауыс гигиенасын сақтайды;

2) ән айту кезінде дене қалпын бақылап тұрады;

3) тыныс алу жаттығуларын біледі, дауыс гигиенасын сақтайды, кешенді вокалдық жаттығуларды орындайды;

4) әнді домбырамен сүйемелдеу техникасын біледі және дамытады;

5) қазақтың дәстүрлі әндерін орындау ерекшеліктерін біледі және оларды орындау дағдыларына ие болады;

6) халық әндерін дәстүрлі орындау ерекшеліктерін біледі және дәстүрлі әншілік нақышты меңгереді;

7) құрамы мен мазмұны күрделі әндерді орындайды;

8) домбыраның сүйемелдеуімен әуендерді орындау техникасы дағдыларына ие;

9) педагогпен ансамбльде ойнай алады;

10) музыкалық шығарманы орындау барысында домбыраның сүйемелдеуін естиді, әуендердің мәнерлілігі мен байсалдылығын біледі;

11) ән айту кезінде дауысты қоюды бақылайды;

12) домбырада «ән шырқау» штрихын біледі;

13) орындалатын әуендерді талдай алады;

14) музыкалық, әншілік және орындаушылық дағдыларға ие;

15) домбыраның сүйемелдеуімен ән орындау барысында дыбыс тазалығын, дыбыс сапасын, ырғақты бақылай алады.

16) қарапайым ноталық үлгілерді парақтан оқи алады;

17) ноталық мәтінді талдайды;

18) мәні жағынан түрлі музыкалық екпіндерді ажырата алады;

19) өз бетімен домбырада ойдан музыканы шығара алады;

20) әнді орындау барысында барлық диапазонда дауыстың қалыптылығын сақтайды;

21) сахна мәдениетін біледі.

33. **3 сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.**

Музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және дағдылардың әрі қарай қалыптастыру жалғастырылады. Білім алушылар дауыс аппаратының түрлі бөліктерінің қызметтерімен танысады.

Тыныс алумен жұмыс (әншілік тыныс, тыныс алу гимнастикасы туралы түсінік). Артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған сөйлеу және вокалдық жаттығулар жүргізіледі, дыбыспен жұмыс жалғастырылады (дауыстыларды айту, дауыссыздарды шығару, дыбыс жүргізу сипаты, дыбыс шабуылы, дауыстың жоғары позициясы).

Әншілік дауыс қасиеттері, вокалдық дағдылары дамиды, дәстүрлі әндерді меңгеруде дауыстың дара бояулары анықталады.

Білім алушы өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің халық әндерін дәстүрлі орындаумен танысады. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің әншілік нақышына тән штрихтық техника меңгеріледі.

Орындаушылық шеберліктері, аспаппен сүйемелдеу техникасы жетілдіріледі.

Білім алушылар қазақтың дәстүрлі әндерін жаттайды, оларды домбырамен сүйемелдеп орындайды.

34. **3 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.**

6-бөлім. Қазақ халық әншілік шығармашылығының дәстүрлері. Қазақ халық әншілік шығармашылығындағы өңірлік ән мектептерінің өзгешеліктері. Халық әндерін дәстүрлі орындаудың ерекшелігі. Қазақ халқының рухани мұрасындағы дәстүрлі ән өнерінің орны мен рөлі.

7-бөлім. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің ерекшеліктері. Әншілік мектептің мақамына тән штрихтық техникаға оқыту.

8-бөлім. Домбыра сүйемелінің дәстүрлі штрихтары. Домбыраның дыбыс аумағы (регистрі).

9-бөлім. Аспаппен сүйемелдеу. Білім алушының дауыс аппаратын дамыту. Тыныс алумен жұмыс. Вокалдық дағдылар. Сөйлеу мен ән айтудағы артикуляция қағидаттары. Дыбыспен жұмыс. Әншілік дауысты бөлу және әншілік дауыстың регистрлері. Есту мен дауыстың арасындағы үйлесім.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Қазақ халқының әншілік шығармашылығының дәстүрлері. Қазақ халқының әншілік шығармашылығының өңірлік мектептерінің өзгешеліктері. Халық әндерін дәстүрлі орындаудың ерекшелігі.

2-тақырып. Әншілік мақамына тән сипатты штрихтық техникаға оқыту.

3-тақырып. Домбыра сүйемелдеуінің дәстүрлі штрихтары. Домбыраның дыбыс аумағы.

4-тақырып. Дыбыспен жұмыс (дауыстыларды айту, дауыссыздарды айту, дыбыс жүргізу сипаты, дыбыс шабуылы, дыбыстың жоғары позициясы). Әннің мәтінімен жұмыс.

5-тақырып. Дәстүрлі әндерді орындау ерекшеліктері.

6-тақырып. Аспапты сүйемелдеу, әнге кіріспе, ән-шақыру қайырымдары және қайырмалар.

7-тақырып. Ән айтудағы дауыс динамикасы (mp, p, mf, f, ff и др.).

8-тақырып. Жас әншінің аспап сүйемелдеуімен орындаушылық шеберлігін жетілдіру.

9-тақырып. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің әндерін орындау ерекшеліктерімен танысу.

10-тақырып. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің әншілік мақамына тән сипаттағы штрихтық техниканы оқыту.

11-тақырып. Аспаппен сүйемелдеу – халық әндерінің ажырамас бөліктері.

12-тақырып. Білім алушының дауыс аппаратын дамыту, дауыс шығару процесі.

13-тақырып. Вокалдық дағдылар. Тыныс алумен жұмыс (әншілік тыныс, тыныс алу гимнастикасы туралы түсінік). Сөйлеу мен ән айтудағы артикуляция қағидаты (артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған сөйлеу және вокалдық жаттығулар). Дыбыспен жұмыс (дауыстыларды айту, дауыссыздарды айту, дыбыс жүргізу сипаты, дыбыс шабуылы, дыбыстың жоғары позициясы). Әннің мәтінімен жұмыс.

14-тақырып. Әншілік дауысты бөлу және әншілік дауыстың дыбыс аумағы (Бас және кеуде дыбыс аумақтарын дамытуға арналған жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту).

15-тақырып. Есту мен дауыс арасындағы үйлесімділік (интонацияның тазалығы, дұрыс әншілік позицияны жасауға арналған жаттығулар).

16-тақырып. Дауыс кемшіліктері және оларды жою (тамақ және мұрын шығаратын дыбыстар, дыбысты бөлу, кемшіліктерді жоюға арналған жаттығулар).

35. **3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер**. Оқытудың соңында 3 сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қазақ халық әндерін дәстүрлі орындау ерекшеліктерін біледі;

2) ән мектептерінің өкілдерінің шығармашылығын біледі;

3) қазақ халық әншілік шығармашылығы мектептерінің өңірлік ерекшеліктерін біледі;

2) қазақтың дәстүрлі әндерінің мақамына тән сипаттағы штрихтық техниканы біледі;

3) дәстүрлі ән мектептерінің өкілдерінің репертуарынан 10-15 әнді орындай алады;

4) дәстүрлі ән мектептерінің дәстүрлі ән айту ерекшеліктерін біледі және дәстүрлі әншілік мақамды меңгеруді жалғастырады;

5) музыкалық аспапта ойнау техникасын дамытады және жетілдіреді;

6) көркем-шығармашылық мәнерлілік құралдарын оқып-үйрену, меңгеру және практикада қолдану негізінде музыкалық шығарманы көркем орындау дағдыларын дамыту;

7) дауыс аппаратының құрылымы мен оның міндеттерін біледі;

8) әншілік дауысты сақтау ережелері мен гигиенаны сақтайды;

9) қалыпты, еркін, дауыс шығаруда қатысатын барлық жүйелердің табиғи үйлесуіне ықпал ететін тынысты қолдана алады;

10) барлық дауыс шығарушы жүйенің еркіндігі мен үйлесімділігін болжайтын вокалдық техниканы, түрлі артикуляциялық-штрихтық техниканы, дауыстың икемділігі мен техникалығын, резонаторлармен, барлық диапазондағы дауыстың қалыптылығын, тембрдің байлығын пайдала алуды біледі;

11) шығарманың көркемдік бейнесі мен мәнін анықтау және ашу үшін музыкалық мәнерлілік құралдары мен вокалдық техниканы пайдаланады;

12) ән репертуарын өз бетінше таңдау, талдау, орындау және жинақтау дағдыларына ие;

13) сахналық бейне, жанры, сипаты, жағынан түрлі шығармаларды жеке орындаумен жұмыс істей алады;

14) концерттік өнер көрсету дағдыларына ие.

36. **4 сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.**

4 сыныпта алдыңғы сыныптарда алған музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және дағдылары қайталанады, бекітіледі және әрі қарай тереңдетіледі. Әншілік қалып дағдыға айналуы қажет.

Білім алушылардың есту зейіндерін дамыту. Дикциямен жұмыс. Тыныстың дұрыстығын, дыбыс сапасын бақылау. Музыканы есту қабілетін, есте сақтауы мен зейінін дамыту. Ырғақтық сезімін дамыту.

Музыкалық мәнерлілік құралдарын, вокалдық-техникалық дағдыларды пайдаланып, түрлі эмоциялар, сезімдер арқылы шығармалардың көркемдік мәні мен мазмұнын жеткізу біліктері дамиды.

Білім алушылар кәсіби композиторларының шығармашылығымен танысады. Домбырада ойнау тәсілдерін оқыту жалғастырылады (дәстүрлі орындауды домбырамен сүйемелдеу қағыстары).

Балалардың жас ерекшеліктері мен дауыс регистрлерінің мүмкіндіктері ескерілген репертуармен жұмыс. Жатталатын әндерді орындау техникасының күрделенуі.

37. **Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.**

10-бөлім. Қазақ халық әншілік шығармашылығы арқылы музыкалық қабілеттерін дамыту.

11-бөлім. Білім алушылардың есту зейінін дамыту. Дикциямен жұмыс. Дұрыс тыныс алуды, дыбыстың сапасымен жұмыс. Музыкалық қабілетті, жадын және зейінін дамыту. Ырғақ сезімін дамыту.

12-бөлім. Дыбыс ұзақтықтарының саналу ретін жазуға үйрету. Естуді бақылауды дамыту.

13-бөлім. Музыкалық есту қабілеті. Музыкалық есту қабілетін дамыту әдістеріне оқыту (құйма-құлақ үйрету әдісіне оқыту). Өзін-өзі вокалдық естуді бақылау. Әндердің әуендеріне жазылған күйлерді меңгеру (ән тектес күйлерді игеру).

14-бөлім. Актерлік қабілеттерін дамыту. Сахналық мәдениет (емтихандар, сынақтар, концерттер, фестиваль-байқаулар).

83. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Өңірдің әншілік дәстүрлері. Танымал өкілдері.

2-тақырып. Біржан сал Қожағұлұлының әншілік шығармашылығы.

3-тақырып. Жаяу Мұса Байжанұлының әншілік шығармашылығы.

4-тақырып. Ақан серінің әншілік шығармашылығы (Ақжігіт Қорамса ұлы).

5-тақырып. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының музыкалық мұрасы.

6-тақырып. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының әншілік шығармашылығы.

7-тақырып. Естай Беркімбайұлының әншілік шығармашылығы.

8-тақырып. Мәди Бәпиұлының әншілік шығармашылығы.

9-тақырып. Тайжан Қалмағамбетовтің әншілік шығармашылығы.

10-тақырып. Әсет Найманбайұлының әншілік шығармашылығы.

11-тақырып. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің мақамы аясында орындаушылықты дамыту. Домбыра сүйемелінің күрделі штрихтарын меңгеру.

33. **4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.**

Оқытудың соңында 3 сыныптың білім алушысы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) ән айту барысында тыныс алуды дұрыс қолдана алады;

2) вокалға арналған тыныс алу жаттығуларын орындай алады, тыныс алуды бекіту бойынша жұмыс істейді;

3) әнді айту барысында дикцияны, тынысты, дыбыс сапасын бақылай алады;

4) музыкалық есту қабілеті, жады, зейіні дамыған;

5) Дыбыс ұзақтықтарын санау ретін жаза алады, музыкада қалыптасқан метрлік соғу (метрическая пульсация) сезімін дамытады, оларды ән айту кезінде қол қимылдары мен дауыс арқылы жеткізеді;

6) дауыс аппаратымен жұмыс істейді;

7) аудио, видеожазбаларды тыңдап, кейін әндерді орындай алады;

8) дәстүрлі әндерді айту дағдыларын дамытады;

9) өңірдің домбыра қағыстарын еркін ойнай алады;

10) дәстүрлі әндерді орындау нақышында 10-15 әнді орындай алады;

11) қазақтың дәстүрлі әндерін орындаудағы өзіндік стилімен жұмыс істейді;

12) әннің сипатына тән тыңдармандардың көңіл-күйін қалыптастыра алады;

13) ән айту процесінде назар қоюды біледі;

14) сахна мәдениетін біледі және сақтайды, қимылдардың үйлесімділігін қалыптастыруға бағытталған сахна қозғалыстарымен жұмыс істейді;

15) Жаяу Мұса Байжанұлы, Ақан сері (Ақжігіт Қорамсаұлы), Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Естай Беркімбайұлы, Мәди Бәпиұлы, Тайжан Қалмағанбетұлы, Әсет Найманбайұлының әншілік шығармашылықтарын біледі;

16) дәстүрлі әндердің жазылу тарихын, қазақ халық әндерін дәстүрлі ән нақышында айтатын орындаушыларды біледі.

39. **5 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар.**

5 сыныпта әншілік дауыс және оның пайда болу тәсілдері туралы вокалдық-есту түсініктерін жетілдіру жұмыстары, есту зейіндері,

қабылдайтын және шығаратын дыбысталудың сапасын өзі бақылауды қалыптастыру жалғастырылады.

Ән репертуарын талдау дағдылары. Әннің диапазоны, тесситурасы. Әндердің шығу сипаты. Вокалдық-техникалық қиындықтар.

Өз нақышымен вокалдық орындау жұмысы. Сахна мәдениеті. Білім алушылар өңірлік мектептердің орындау нақыштарымен танысады, домбырамен сүйемелдеу техникасын жетілдіреді (қағыстарды шарықтау), орындаушы дауысының дыбысталуы және домбыра үнінің үйлесімді дыбысталуына талпына отырып, әндерді орындау шеберлігін көтеру.

Оқу жылының ішінде білім алушылар әр дәстүрлі мектептен 1 терме, халық композиторларының, Қазақстанның заманауи композиторларының 10 әнін меңгерулері тиіс.

40. **5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.**

15-бөлім. Шығармашылық дағдыларды дамыту.

16-бөлім. Дәстүрлі ән мектептері.

93. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ноталарды парақтан оқу дағдыларын қалыптастыру.

2-тақырып. Дұрыс әншілік тыныс дағдыларын қалыптастыру.

3-тақырып. Көркемдік нәтижеге қол жеткізудің қажетті құралы ретінде домбырада ойнау техникаларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру. Домбырада ойнау тәсілдерін бекітуге арналған жаттығулар. Домбырада *ән шақыру, тыныс, сабақтас, тыныстама* қағыстарын ойнау дағдыларын дамыту.

4-тақырып. Домбыраның сүйемелдеуімен ән айту барысындағы орындаушылық дағдыларды дамыту.

5-тақырып. Дауыс диапазонын дамыту. Дауыс диапазонын дамытуға арналған жаттығулар.

6-тақырып. Музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын дамыту. Музыкалық аспаптарда ойнаудың кәсіби орындаушылық дағдыларын дамыту.

7-ақырып. Қазақ халық әндерінің музыкалық-теориялық сараптамасы.

8-тақырып. Дәстүрлі әнді орындау білігі мен дағдыларын қалыптастыру.

9-тақырып. Қазақтың дәстүрлі әндерін мәнерлі және эмоциялы орындау бойынша жұмыс.

10-тақырып. Батыс Қазақстанның ән мектептері. Өңірлік ерекшеліктері бар дәстүрлі әндер үйрету.

11-тақырып. Алтай-Тарбағатай дәстүрлі ән мектептерінің әндері. Дәстүрлі әндердің өңірлік ерекшеліктері.

12-тақырып. Сырдария өңірінің әншілік өнері. Әндердің өңірлік

ерекшеліктері.

13-тақырып. Маңғыстау өңірі әндерінің өңірлік ерекшеліктері.

14-тақырып. Нақышы, әндердің ладтық-интонациялық құрылымдары. Өңірлік әндер құрылымының, әуезділігінің, диапазоны мен орындау ерекшеліктері. Дәстүрлі қазақ әндерін аспаппен сүйемелдеу. Әндердің көркемдік мазмұны.

15-тақырып. Халық композиторларының шығармалары.

16-тақырып. Музыкалық терминдер.

17-тақырып. Ән тектес күйлерді орындау.

18-тақырып. Жоғары және төменгі дауыстар. Дауыстың жоғары позициясы. Дыбысталудың жоғары позицияларының шарттары мен кейбір тәсілдері. Дауыстық дыбыстар. Резонаторлар.

19-тақырып. Концерттік-орындаушылық қызметі. Жобалық-зерттеу қызметі. Балаларды байқаулар мен фестивальдерге дайындау және қатыстыру.

41. **5 сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер.**

Оқыту соңында 5 сынып білім алушысы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) ноталарды парақтан оқи алады;

2) дұрыс әншілік тыныс алу дағдыларына ие;

3) домбырада ойнау тәсілдерін бекітуге арналған жаттығуларды біледі;

4) көркемдік нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті құрал – домбырада ойнау техникаларына ие;

5) домбырада *ән шақыру, тыныс, сабақтас, тыныстама* қағыстарын орындай алады;

6) домбыраның сүйемелдеуімен ән айту барысындағы орындаушылық біліктерге, дағдыларға ие;

7) дауыс диапазонын дамытуға арналған жаттығуларды біледі және дауыс дипазонын дамытады;

8) қазақ халық әнін талдай алады;

9) домбыраның сүйемелдеуімен өңірлердің әншілік мектептерінің сипатына тән дәстүрлі әндерді айту дағдыларына ие;

10) қазақ дәстүрлі әндерін мәнерлі және эмоциялы орындауға тырысады;

11) өңірлік әншілік мектептердің нақышын, әндерінің құрылымын, құрылымдарындағы ерекшеліктерін, әуезділігін, диапазоны мен орындаушылығын біледі;

12) халық композиторларының шығармаларын біледі;

13) музыкалық терминдерді біледі;

14) күйлерді өңірлік мектептердің сипаттарына тән орындау әдістерін біледі;

15) ырғақ элементтерін қолдануды және музыкамен қозғалуды біледі;

16) концерттерде өнер көрсету дағдыларына ие.

42. **6 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар.**

6 сыныпта музыкалық есту қабілетін, есту түсініктерін, музыкалық-теориялық білімдерін әрі қарай жетілдіру және дамыту жалғастырылады. Шығарманың көркемдік мазмұны мен формаларын қабылдау және түсіну жұмыстары.

Білім алушылар әндермен бірге халық және Арқа, Жетісу, Батыс өңірлерінің композиторларының күйлерін меңгереді. Шығарманың көркемдік мазмұны мен формаларын қабылдау және түсіну жұмыстары, әндерді жеке орындаушылық түсіндірумен, орындау мәдениетімен, шығармашылық еркіндікпен, әртістікпен жұмыс. Сахна мәдениеті.

43. **6 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.**

17-бөлім. Музыкалық-кәсіби дағдыларды қалыптастыру.

39. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің орындаушылық ерекшелігін сақтай отырып, дәстүрлі әндерді жаттау.

2-тақырып. Дәстүрлі әндерді жаттау. Суырып салу өнері.

3-тақырып. Дәстүрлі әндерді жаттау. Әншілік дауысты, дыбыс сүйемелін, резонаторлардың үйлестірілген жұмысын, дұрыс дыбыс шығару және дыбыс жүргізудің алуан түрлерін, дауыстың дыбысталу сапасын жетілдіруді (тембр, жоғары дыбысты және динамикалық диапазон, вокалдық епін жасау, дауыстың қозғалмалылығы, дұрыс ән айту артикуляциясы және дикцияның тазалығы), эмоциялық-көркемдік мәнерлілікті, шығармаларды нақты жеткізуді ұйымдастыру ретінде вокалдық-техникалық және музыкалық-орындаушылық дағдыларын меңгеру.

4-тақырып. Музыкалық есту қабілетін, музыкалық-теориялық білімді, вокалдық техниканың барлық түрлерін әрі қарай жетілдіру және дамыту. Ән айту аппаратының еркіндігі мен үйлесімділігі. Дауыс шығаруға қатысатын барлық жүйелердің табиғи үйлесімділігіне ықпал ететін қалыпты, еркін тыныс алуға ие болу.

5-тақырып. Дыбыстың вокалдық сапасы мен әсемдігі. Тембрлік бояулардың түрлілігі, артикуляциялық-штрихтық техникасы, дауыстың икемділігі, қозғалғыштығы және шеберлігі, резонаторларды пайдалану білігі, барлық диапазондағы дауыстың қалыптылығы.

6-тақырып. Шығарманың көркемдік мазмұны мен формасын қабылдау және түсіну бойынша жұмыс, әндерді жеке орындау, орындау мәдениеті, шығармашылық еркіндік, әртістік бойынша жұмыс. Білім алушының ішкі көріністерін, елестерін дамыту, орындалып отырған әндердің эмоциялық-мәндік күйіне ену.

7-тақырып. Жалпы және музыкалық дүниетанымды дамыту. Ән репертуарын талдау дағдылары. Әннің диапазоны, тесситура. Әуендердің шығу сипаты. Вокалдық-техникалық қиындықтар. Эстетикалылығы және сахна мәдениеті. Ақынның қозғалыстары мен сахналық бейнесі.

44. **6 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.**

Оқытудың соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылымы мен оның қызметтерін біледі (тыныс алу мүшелері, дыбысты қалыптастыру мүшелері, дыбыс шығару мүшелері);

2) әншілік дауыстың гигиенасын сақтайды;

3) дыбыс шығаруға қатысатын барлық жүйелердің табиғи үйлесімділігіне ықпал ететін қалыпты, еркін тыныс алуды пайдалана алады;

4) барлық дыбыс құраушы жүйенің еркіндігі мен үйлесімділігін, артикуляциялық-штрихтық техниканың түрлілігін, дауыс шеберлігін, резонаторлармен жұмыс істеу білігін, барлық диапазондағы дауыстың қалыптылығын, тембрдің байлығын болжайтын дамыған вокалдық техникасы бар;

5) аңыз-әндердің пайда болу тарихын, қазақтың дәстүрлі әндерін орындау нұсқалары мен ерекшеліктерін біледі;

6) қазақ халық әндерін дәстүрлі ән нақышында орындай алады;

7) өңірлік ән мектептеріне тән домбыраның сүйемелдеуімен дәстүрлі әндерді орындау дағдыларына ие;

8) өңірлік ән мектептерінің әндерінің нақышын, әндердің құрылымын, әемділігін, диапазонын дәне орындаушылығын біледі;

9) қазақтың дәстүрлі әндерін домбыраның сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз еркін, мәнерлі және эмоциямен орындайды.

45. **7 сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар.**

7 сыныптағы жұмыс мазмұны музыкалық-теориялық білімді бекітіп, тереңдетумен, вокалдық-техникалық дағдыларды әрі қарай жетілдіруге байланысты болады.

Дәстүрлі әндерді жаттау. Есту мен дауыс арасындағы үйлесімділік. Регистрлерді дамытуға арналған жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту. Сөйлеу дауысын қою бойынша жұмыс.

Дәстүрлі ән айту нақыштарын әрі қарай меңгеру.

Ән репертуары. Күйлерді жаттау.

Домбырада ойнау техникаларын жетілдіру. Суырып салу. Құрастыру және суырып салу дағдыларына ие болу. Алған дағдыларын өзінің жеке шығармаларын шығаруда пайдалану.

Оқу жылының ішінде білім алушылар халық композиторларының, Қазақстанның заманауи композиторларының 5-6 жеңіл әндерін немесе дәстүрлі мектептердің 11-12 әндерін (ән, жыр, терме-толғау, желдірме) үйренулері керек.

46. **7 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.**

1-тақырып. Жеке орындаушылық мақамын құру бойынша жұмыс. Концерттік нөмірлерді әзірлеу және құру. Фонограммамен өзіндік жұмыс. Ән репертуарын студиялық жазбаларымен жұмыс.

2-тақырып. Дәстүрлі әндерді жаттау. Есту мен дауыс арасындағы үйлесімділік. Интонацияның тазалығы, дұрыс ән айту позициясын жасауға арналған жаттығулар.

3-тақырып. Аспаппен сүйемелдеу. Домбырада ойнау тәсілдері. Домбырада ойнау тәсілдерін бекітуге арналған жаттығулар. Жоғары, төмен шерту. Ауыспалы, үзік-үзік. Дауыс вибрациясы. Бір ішекте шертіп ойнау. Соққылардың амплитудасы. Әуенді айта отырып шапшаң ойнау. Домбыраны сүйемелдеумен әндерді орындау.

4-тақырып. Әуендер мен домбыра дыбысын байланыстыратын қағыстар: ән шақыру, сабақтас, тыныс, тыныстама және түйіндеу қағыстар.

5-тақырып. Дәстүрлі әндерді орындау. Регистрлерді дамытуға арналған жаттығулар есебінен ән айту диапазонын кеңейту. Сөйлеу дауысын қою бойынша жұмыс. Тыныс алумен, артикуляциямен, резонациялаумен, мәнерлілікті дамытумен және дауыс икемділігімен жұмыс. Дауыс аппараты.

6-тақырып. Дәстүрлі әндерді жаттау. Ән репертуарын таңдау, талдау, орындау және жинақтау.

7-тақырып. Халық күйлері. Халық композиторларының күйлері. Күйлерді жаттау.

8-тақырып. «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» антологиясы. Ә.Қашаубаев, Ж.Елебеков, М.Ержанов, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосынов, А.Исатаева, К.Төленбаеваның үн таспа, бейне таспаларын тыңдау.

47. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Оқытудың соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыға ие болады:

1) өңірлік ән мектептерінің нақышын, құрылымының ерекшеліктерін, әуезділігін, диапазонын және әндерді орындаушылығын біледі;

2) музыкалық терминтерді біледі;

3) күйлерді орындаудың өңірлік ән мектептеріне тән дәстүрлі әдістерін біледі;

4) суырып салу дағдыларына ие (тыңдап отырып, домбыраға түсіру, суырып-салма қасиеттерін дамыту);

5) әуенді өзі ойдан шығара алады;

6) шығарманың көркемдік мәні мен бейнесін анықтау және ашу үшін музыкалық мәнерлілік құралдары мен вокалдық техниканы пайдалана алады;

7) ән репертуарын өз бетінше таңдау, талдау, орындау және жинақтау бойынша қалыптасқан дағдыларға ие;

8) Сахналық бейне жасаумен, шығармаларды орындау даралығымен өз бетімен жұмыс істей алады;

9) концерттерде өнер көрсету дағдыларына ие;

10) ән репертуарын студияда жазу бойынша өз бетімен жұмыс істеу дағдыларына ие.

48. **Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері және бақылау түрлері.**

Бақылау нысандары. Үлгерімді бақылау оқу процесі кестесінің орындалуы туралы ақпарат алу, материалды меңгеру сапасын, оқытудың алға қойға мақсаттарына қол жеткізудің деңгейін анықтау, білім алушылардың өз беттерімен жұмыс істеуге ынталандыру мақсатында өткізіледі, оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізу сапасын жақсартуға, білім алушылардың өздерінің білім сапасы үшін артатын жауапкершіліктерін күшейтуге ықпал етеді.

Пән бойынша бақылаудың келесі түрлері мен тәсілдері болжамдалады: ағымдық, аралық және қорытынды бақылау, қорытынды аттестация.

49. Ағымдық бақылау жеке сабақ процесінде білім алушылардың материалды игеру деңгейін тексеру және кемшіліктерін анықтау мақсатында өткізіледі.

50. Аралық бақылау – 1, 2, 3 тоқсанның аяғындағы академиялық тыңдалым.

51. Қорытынды бақылау – оқу жылының соңында тапсырылатын келесі сыныпқа көшіру емтиханы, ол жерде тиісті сыныпқа сәйкес талаптар бойынша бағдарламаны көрсетеді.

52. Үлгерімді ағымдық, аралық бақылау тестілеу, коллоквиум, академиялық тыңдалым, техникалық сынақ, концерттік өнер көрсету, байқаулық өнер көрсету түрінді өткізілуі мүмкін.

53. Үлгерімді бақылау формалары келесіні қамтиды.

Бақылау сабақтары мамандық бойынша сыныптағы білім алушылардың білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған. Олар көпшілік алдында өнер көрсетуді және концерттік дайындықтарды қажет етпейді. Бұл өз кезегінде өзіндік жұмыстың нәтижесін, техника жағынан өсуін, музыканы ойнау дағдыларын игеру деңгейін (парақтан оқу, естуі бойынша теру) тексеру, бітіруші сыныптардың білім алушыларының қорытынды аттестацияға дайындықтарының деңгейін тексеру.

Бақылау сабақтары оқытылатын пән үшін қарастырылған оқу процесінің уақытында өткізіледі.

54. Сынақтар оқу тоқсанының немесе жартыжылдықтың аяғында өткізіледі және техникалық немесе академиялық бағдарламаны көпшілік алдында орындауды немесе оның бір бөлігін комиссияның алдында орындауды болжайды.

Сынақтар сараланған, ұсыным сипатында, міндетті әдістемелік талдауы бар.

55. Академиялық концерттер сараланған баға қойылатын, оқу бағдарламасын немесе оның бөліктерін комиссияның, ата-аналардың, білім алушылардың және басқа тыңдармандардың алдында көрсетуді (сахнада) болжайды.

56. Көшіру емтихандары 2 және 4 тоқсанның аяғында өткізіледі. Білім алушының өнер көрсетуі осы оқу жылындағы бағдарламаны меңгеру деңгейін көрсетеді.

Көшіру емтиханы сараланған баға жүйесін қолданып өткізіледі, міндетті әдістемелік талдаумен аяқталады. Емтихандар оқу сабақтарынан тыс өткізіледі. Бағдарламаны толық меңгерген білім алушы келесі сыныпқа көшіріледі.

57. Қорытынды бақылау – білім алушылардың тиісті сыныбының талаптарына сәйкес оқу жылының соңындағы тыңдалымдарда, қорытынды сабақтарда, емтихандарда көрсететін бағдарламаларда іске асырылады.

Есеп беру концерті білім алушылардың білім, білік және дағдыларын бақылаудың шығармашылық формасы болып табылады. Концертте көрсетуге арналған репертуар оқытылған бағдарламалық материалдарды ескеріп құрылады.

Қорытынды аттестация (қорытынды және бітіру емтиханы) білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейі мен сапасын анықтайды. Бітіру емтиханы үлгілік оқу жоспарына сәйкес 5 немесе 7 сыныптың аяғында өткізіледі.

58. **Емтихан талаптары:**

1) ойын барысында дұрыс отыру, оң және сол қолды қою. Аспапты дұрыс қою. Саусақтарды домбыраның мойны мен ноталық станға қою;

2) білім алушының даусына сәйкес халық әні;

3) әннің әуені мен домбыра үнінің үйлесімділігі;

4) өңірлік дәстүрлі ән мектебінің нақышындағы халық әндерін орындау;

5) Қазақстан композиторларының әндерін орындау;

6) өңірлік ән мектептерінің әндерін орындау.

59. Емтихандық жұмысты бағалау өлшемдері:

1) білім алушының физиологиялық және психологиялық жасына сай әндердің болуы;

2) білім алушының орындайтын бағдарламасының жан-жақты болуы;

3) орындалатын әндердің көркемдік жоғары деңгейінің болуы.

60. Емтихандық талаптар:

1) 1 сынып:

1 тоқсан. Тыңдау. Ән айту және домбыра аспабымен танысу, дауысты және қолдарды қою, ноталық сауат.

2 тоқсан. Емтихан: 3 ән (Қазақстан композиторларының 2 әні, 1 халық әні).

3 тоқсан. Академиялық концерт: 3 ән (Қазақстан композиторларының балаларға арналған 2 әні, 1 халық әні). Орындалатын әндердің жоғары көркемдік дәрежесі.

IV тоқсан. Емтихан: 3 ән (Қазақстан композиторларының балаларға арналған 2 әні, 1 халық әні).

61. 2, 3, 4 және 6 сыныптар:

I тоқсан. Академиялық концерт: 2 ән (Қазақстан композиторларының 1 әні, 1 халық әні).

II тоқсан. Емтихан: 2 ән (Қазақстан композиторларының 1 әні, 1 халық әні).

III тоқсан. Сынақ: 2 ән (Қазақстан композиторларының балаларға арналған 1 әні, өңірлік ән мектептерінің 1 халық әні немесе халық композиторларының әні).

Академиялық концерт: 2 ән (Қазақстан композиторларының балаларға арналған 1 әні, 1 халық әні).

IV тоқсан. Емтихан: 3 ән (Қазақстан композиторларының балаларға арналған 2 әні, 1 халық әні).

62. 5 және 7 сыныптар үшін:

1 тоқсан. Қорытынды аттестацияға әндерді дайындау.

2 тоқсан. Қорытынды аттестацияға арналған әндерді тыңдау: 3 ән (1 халық әні, 1 халық композиторының әні, 1 Қазақстан композиторының әні). 2 ән аспаптың сүйемелдеуімен жатқа орындалады, 1 ән нотаға қарап аспаптың сүйемелдеуімен орындалады.

3 тоқсан. Қорытынды аттестацияға арналған әндерді тыңдау: 5 халық әні (1 халық әні, 2 халық композиторларының әні, Қазақстан композиторларының балаларға арналған 1 әні, өңірлік ән мектептерінің 2 халық әні). 3 әнді жатқа айту, 2 әнді нотаға қарап айту.

Қорытынды аттестацияға арналған тапсырмалар: 5 ән (1 халық әні, 2 халық композиторларының әндері, Қазақстан композиторларының балаларға арналған 1 әні, 1 халық әні).

IV тоқсан: 5 әнді орындау (1 халық әні, 2 халық композиторларының әні, Қазақстан композиторларының балаларға

арналған 1 әні, өңірлік ән мектептерінің 1 әні).

63. Қорытынды аттестацияның бағдарламасы тоқсан сайын тыңдалады.

64. Бағалау өлшемдері білім алушының алдына қойылған мақсаттарға байланысты болады. Педагогтің, сондай-ақ білім алушының жұмыстары бағаланады. Бағалаудың негізгі өлшемі - материалды және домбыраның сүйемелдеуімен шығарманы орындауды сауатты және түсініп меңгеру болып табылады.

65. Қорытынды (көшіру) бағаны шығару кезінде келесілер ескеріледі:

1) оқу пәнін игерудегі жетістіктерінің нәтижесі негізіне білім алушының қорытынды жұмысын бағалау;

2) академиялық концерттер мен емтихандарда көрсеткен өнерлері үшін қойылған баға, сондай-ақ сынақтар мен бақылау сабақтарының нәтижелері;

3) білім алушының оқу жылы ішіндегі басқа өнер көрсетулері.

66. Бітіру емтиханының бағасын шығару кезінде келесі өлшемдер ескеріледі:

1) білім алушылардың дауыс пен аспапты тиісті деңгейде меңгеруі көрсетіледі;

2) орындалып отырған шығарманың көркемдің бейнесін толық және нақты ашу;

3) орындаушылық түсіндіруде орындалып отырған шығарманың нақышын түсіну және көрсету.

67. Бағалар оқу жылының төртінші тоқсанының немесе жартыжылдығының соңында қойлады. Бітіру емтихандарында «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттан

дырмайды» бағалары қойылады.

68. Үлгерімді бақылау кезінде академиялық концерттерде, емтихандарда және басқа да көпшілік алдында өнер көрсетулерде шығармаларды орындау сапасына, шығармаларды өз бетімен және жан-жақты үйрену білігін бағалау, сүйемелдеу, нотаны парақтан оқу, орындаушылық техниканы меңгеруге үлкен назар аударылады.

69. Оқу жылының ішінде білім алушы кемінде 2 рет академиялық концерттерде өнер көрсетеді. Шығармалардың саны шектелмейді. Емтихан бағдарламалары оқыту жылдары бойынша бағдарламалық талаптарға және білім алушылардың дайындық деңгейлерінің түрлілігіне сәйкес құрылады.

70. Бағалау барысында сыныптағы жұмыстарының сапасы және белсенділігі, білім алушының байқауларға, фестивальдерге, олимпиадаларға, жобаларға, мәдени-танымдық іс-шараларға қатысуы, сабақтардан қалмай отыруы ескеріледі.

71. Қорытынды бітіру емтиханында баға қою барысында білім алушының барлық оқу жылындағы жұмыстарының сапасы мен жетістіктері ескерілуі қажет.

72. **Бағалау өлшемдері.**

«5» (өте жақсы) бағасы.

Әншіліктің қыры: аспаппен ән салуды еркін меңгеру, әншілік аппаратты еркін игеруі, дауыста дәстүрлі және табиғи үнінің болуы, дұрыс әншілік тұғыр, дауыс ауқымының кең болуы, дыбысты интонациялау тазалығы, жоғары (бас) орта және төменгі (кеуде) регистрлерді байланыстыра орындау, әншілік дауыста тембрлік бояудың ерекше болуы, дұрыс тыныс алу, аспаппен дауысты еркін үйлестіре орындау.

Аспаппен сүйемелденуі: Өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің аспапта (домбырада) дәстүрлі қағыс үлгілерінің болуы, әнді орындағанда аспаппен сүйемелденуінің еркін болуы, түйдек, күре, қара қағыстарды еркін меңгеру, ән басталар алды, ән шақыру (шақырғы), шумақ және тармақтар арасында орын алатын тыныс, сабақтас, тыныстама қағыстарды еркін игеру.

Дағдыларын жетілдіру: нюанстардың негізгі тәсілдерін меңгеруі, есту қабілетін өз бетінше бақылау, ноталық мәтінді дәл оқу және білу, шығарманың көркемдік бейнесін ашу, көркем, әртістік жағынан орындауы, дикция, артикуляциялық аппаратты еркін игеруі, музыкалық көрнекілік құралдарын поэтикалық және музыкалық мазмұнмен икемді қосу, орындайтын шығармасын өз бетінше түсіндіруі, орындау мәдениетінің жоғарылығы.

«4» (жақсы) бағасы.

Әншіліктің қыры: аспаппен ән салуды меңгеруі, әншілік аппаратты игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, дыбысты интонациялау тазалығы, жоғары (бас) және орта регистрлерді байланыстыра орындау, әншілік дауыста тембрлік бояудың ерекше болуы, дұрыс тыныс алу.

Аспаппен сүйемелденуі: әнді орындағанда аспаппен сүйемелдеуі еркін болуы, ән басталар алды ән шақыру (шақырғы), шумақ және тармақтар арасында орын алатын тыныс, сабақтас, тыныстама қағыстарды игеру.

Дағдыларын жетілдіру: нюанстардың негізгі тәсілдерін меңгеруі, ноталық мәтінді білуі, есту қабілетіне бақылаудың жеткіліксіздігі, шығарманың қиын жерлерінде техникалық олқылықтар (интонациялық дәлдіктің жоқтығы), шығарманы орындауда музыкалық ойлау көзқарасынан қараудың өзінің ой елегінен жеткіліксіз өткізуі, сахнадағы психологиялық тәртібінің тұрақсыздығы.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы.

Әншіліктің қыры: аспаппен ән салу, әншілік аппарат, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеруі, дауыс күшінің және ауқымының

тар болуы, темптік ырғақтық ұйымдастырудың болмауы, біртекті серпін және дыбыс шығарудың бірсарындылығы.

Аспаппен сүйемелденуі: әнді орындағанда аспаппен сүйемелденуі еркін болмауы, ән басталар алды ән шақыру (шақырғы), шумақ және тармақтар арасында тыныстама қағыстарды тұрақсыз игеру.

Дағдыларын жетілдіру: музыканы ой елегінен өткізбестен, авторлық ноталық мәтінді оқудың формалдылығы, орындаудағы әлсіз есту қабілетін бақылауы, орындауда стилистік және интонациялық қателіктердің болуы, орындау мәдениетінің орташа деңгейі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы.

«2» (қанағаттанарлықсыз) бағасы.

Әншіліктің қыры: аспаппен ән салу, әншілік аппараттың болмауы, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеру, аспаппен дауысты үйлестіре алмауы.

Аспаппен сүйемелденуі: аспапты еркін игермеуі, ән басталар алды ән шақыру, шумақ арасында тыныстама қағыстардың болмауы.

Дағдыларын жетілдіру: есту қабілетіне бақылаудың болмауы, көрнекі емес интонациялау, метроырғақтық тұрақсыздық, қателер, ноталық мәтінді нашар білуі, орындау мәдениетінің төмендігі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы.

Вокалдық-техникалық және орындаушылық шеберлігін бағалау кезінде интонация сапасы, дикция нақтылығы мен мәтінді айтуда ой елегінен өткізе білуі, ырғақтылық, әншілік диапазонының кеңдігі, фразировкалау көрнекілігі, серпінді реңктер, тембр ашықтығы, сезімі мен орындау мәнері, микрофонды меңгеруі бағаланады.

Шығарманың көркем орындалуын бағалауда шығарманың көркемдік бейнесін берудегі шешім ерекшелігі және сахналық ұсыну, әртістік, пластика, орындаушылық еркіндік ескеріледі.

73. Әдістемелік ұсынымдар.

Қазақ халқының барлық рухани байлығы ауызша түрде ХХ ғасырға дейін дамыған және ауызша түрде әкеден балаға, ұстаздан шәкіртке, өткен күннен келешекке жеткізіліп отырған.

Қазақстанның территориясында түрлі жергілікті кәсіби композиторлық және орындаушылық мектептер қалыптасқан, сонымен қатар, әр өңір белгілі бір дәстүрлерді дамытуда өз «мамандандырылуларын» ұсынады.

Батыс Қазақстан территориясы төкпе домбыра күйінің орталық аймағына, ал Сары арқа аймағы (Орталық Қазақстан) – кәсіби әдердің орталығына, оңтүстік-батыс өңірі (Қармақшы ауданы) эпостық жырлардың бай дәстүрін сақтады және дамытты, ал Жетісі – суырып-салма ақындардық әсем сөз жарысы – айтыс өнерінің орталығына айналды.

Қазақтың ұлттық музыка өнерінің бағыттары – *ән, күй, жыр*

өңірлік орналасу орындарына сәйкес бірнеше орындаушылық мектептерге бөлінеді. Бұл мектептер шартты түрде: Арқа (орталық, солтүстік және шығыс облыстар), Жетісу (оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстар) және Батыс (батыс және оңтүстік-батыс облыстар) деп аталады.

Тілмен қатар, халық әні және әнді орындаудың халықтық нақышы - этникалық мәдениеттің маңызды құрамдасы болып табылады. Олар ұлттың рухын, адамдардың сезімдері мен көңіл-күйлерін жеткізеді, халық әндерінде халықтың салты мен наным-сенімдері көрсетіледі.

Дәстүрлі ән айту өнері - қазақ халқының бай рухани мұрасындағы ерекше орын алатын зор игілік. Алғашында салт пен тұрмыстан, фольклор мен халықтық-тұрмыстық қара өлеңнен пайда болған ән, кейіннен келіп жоғары кәсіби өнерге өсті, олардың үлгілері формасы жағынан мүлтіксіз және мазмұны жағынан ерекше бай болады.

Кәсіби дәстүрлі әндер құрылымының жетілгендігімен, кең диапазонымен, күрделі метро-ритмикалық ұйымдастырылуымен ерекшеленеді. Сондықтан бұл әндерді тек шеберлерден сабақ алған әншілер ғана орындай алған.

Әншілердің орындаушылық нақыштарына, шығармалардың музыкалық ерекшеліктері мен аспапты сүйемелдеуіне байланысты әншінің қандай ән мектебіне жататындығын қатесіз анықтауға болады. Аспаппен бастау орындаушы мен тыңдарманды ән шығармасының сипатына ендіреді.

Дәстүрлі әндер әдетте жоғары регистрде, музыкатануда «ақындық әуендік формула» деп аталып кеткен, ән-шақыруға назар аударуға шақыратын әндерден басталады.

Халық әндері келесі түрлерге бөлінеді:

тұрмыс-салт әндері (бесік жырлары, балалар мен жастар әндері, еңбек, шаруашылық, аңшылық, жұмысшы әндері);

үйлену әндері;

діни әдет-ғұрыптар тудырған әндер: бақсылардың сиқыры және тағы басқа;

қайғы әндері, көңіл айту, қайғылы жағдайды естірту, қоштасу-әндері, жоқтау, өлгендерді жоқтау;

өсиет әндер (алғыс, бата, тілек, жұмбақ, мысал-әжуа, күлдіргі мысқыл әндер);

қиял-ғажайып әндер (аңыз-әндер, өтірік өлеңдер);

сатиралық, күлдіргі әндер (күлдіргі, әзіл-қалжың әндер);

эпикалық шығармалар (терме, толғаулар);

айтыс (поэтические состязания в виде песен);

лирикалық әндер;

әлеуметтік теңсіздік әндері.

Білім алушыларға халық әні мұрасын оқыту сабақтарының бағдарламасына әр білім алушының шығармашылық қызметін белсендіру жолымен халық әнінің дәстүрлері, негізі және ерекшеліктерінің мазмұнын меңгеру, қазақ халқының мәдениеті, өнеріне, тарихына тұтас көзқарасын қалыптастыруға әсер ететін көркем тәрбие беру деңгейін арттыру жатады.

«Дәстүрлі ән» білім беру бағдарламасы ән айту дағдыларын қалыптастыру және музыкалық аспаптарда (домбыра, жетіген, баян және тағы басқа) ойнауға үйретуге бағытталған.

Бір уақытта ән айту және музыкалық аспапта ойнау дағдыларын меңгеру білім алушы үшін қиын процесс. Ән айту және музыкалық аспапта ойнау дағдыларын бір уақытта меңгеруге арналған тапсырмалар біртіндеп күрдене отырып, бірақ бағдарламаны игеру сапасының деңгейін түсірмей, қарапайымнан күрделіге ауысу тәртібімен құрылуы қажет.

Мұндай орындаушыны тәрбиелеу – педагогтің басты міндеті. Педагог білім алушының вокал орындау және аспапта ойнау бойынша үлгерімінің жоғарылауына жан-жақты ықпал етуі тиіс.

Жас музыкант-орындаушыны тәрбиелеу процесіндегі негізді қалаушылар, педагогиканың негізгі элементтері – тәрбие, білім және оқыту болып табылады.

«Дәстүрлі ән» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту:

1) домбырада ойнау дағдыларын меңгеруді;

2) ән айту дағдыларын меңгеруді;

3) сахна мәдениетін игеруді құрайды.

Дәстүрлі әндерді орындаушы әндерді шынайы орындау шеберлігі мен музыкалық аспапта ойнауды үйлестіруі қажет. Ол орындалатын шығарманы шынайы орындау, дәлелді жеткізу үшін оның мазмұны туралы нақты түсінуі және жеткілікті техникалық құралдары болуы қажет.

Алайды мұның өзі де жеткіліксіз болады. Қанық, мәнерлі орындау үшін орындаушының шығарманы түсініп қана қоймай, сондай-ақ оны өз жанынан өткізуі, оның кейіпкерлерін сезінуі тиіс.

Сабақтарды өткізу әдістемелерінің негізінде келесі қағидаттар жатыр:

ойын қағидаты (дидактикалық, қозғалысты, драмалау және тағы басқа);

көрнекілік (пәндік видеоқатар, бақылау, көру, тыңдау);

қабылдауға және түсінуге қолжетімді формада материалдарды жеткізу;

оқытылып отырған пәнді эстетикалық қабылдауға қолдау жасау.

Балаларды музыкалық аспапта ойнауға оқыту өзара байланысты екі басты бағытта жүргізіледі.

Біріншісі – көркемдік нәтижеге қажетті құрал ретінде музыкалық аспапта ойнау техникасын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру. Сонымен қатар, аспапта ойнау кезінде қол саусақтарының ұсақ маторикасын дамыту – бастың ми қыртысының сөйлеуге жауап беретін орталығын ынталандыратын қосымша фактор болып табылады.

Екінші – көркем-мәнерлік құралдарды үйрену, меңгеру және практикада қолдану негізінде музыкалық шығармаларды көркем орындау дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

Білім алушының жалпы музыкалық деңгейін дамыта отырып, олардың кез-келген репертуарды орындай алуы үшін табиғи техникалық мүмкіндіктерін дамыту қажет.

Аспапта дұрыс және жүйелі жұмыс істеу білім алушыға табыс әкеледі. Білім алушының ретсіз, жүйесіз, бірақ көп орындай беруіне қарағанда, аздап, бірақ күнде ойнап үйренгенінің дұрыс екенін түсінуі қажет.

Сонымен қатар білім алушы аспапта ғана ойнап қоймай, жалпы жұмыс процесін жақсы көруі қажет, бұл тек өзінің болашақ орындаушы ретіндегі өз міндеттерін терең түсінуі жағдайында ғана мүмкін.

Сондай-ақ білім алушыға өзіндік жұмыс процесіндегі қателіктер мен кемшіліктерді табуға, оның қиындықтарын көруге үйрету керек, оны осы қиындықтарды жеңу жолында табандылығы және талпынысын тәрбиелеу қажет. Әрбір білім алушы шығармамен жұмыс істеуде алғашқы қиындықтарды жеңумен тоқтап қалмайтынын, алдында одан да қиын орындаушылық міндеттер тұрғандығын білуі қажет.

Әрбір білім алушының күйді орындауы өзінің дара стилімен, өзіне тән бейнесімен ерекшеленуі қажет.

Болашақ ақын домбыра мәдениетінде қалыптасқан екі басты аспаптық дәстүрлерді меңгеруі қажет: Батыс-Қазақстандық – төкпе және Шығыс-Қазақстандық – шертпе.

Күйлерді шертпе әдісімен орындау басқа мектептердің дәстүрлі әдістерінен ерекшеленеді: ол асықпауды, маңғаз орындауды талап етеді, оған жеке әр ішекті кезек шерту арқылы қол жеткізіледі, оған ерекше вибрациялық толқындар тән, олар ладтағы ішектерге ерекше басқанда шығады. Осы талаптардың барлығы орындалған жағдайда ғана орындаушы аспаптан жылы және сезімге толы әуенді шығара алады.

Тәттімбеттің күйлері, негізінен, әр ішекті шерту тәсілімен орындалады. Мысалы, «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», «Көкейкесті», «Қосбасар» күйлері ішектерді оң бұрауда қойып, ал «Азамат Қожа», «Бес төре» күйлері ішектерді теріс бұрауға қойып орындалады. Егер мұндай күйлерді түрлі баппен ойнау үшін қолданылатын әдістерді қолданып ойнамаса, шығармалардың мазмұндары мен сипаттары ашылмайды.

Сарыарқы композиторларының күйлері: Саймоқ, Дайрабай, Баубек, Қыздарбек, Әбди, Мақаш және Ақмолда күйлерінің орындалуы дәстүрлері, сондай-ақ дыбысталу сипатына қарай Тәттімбеттің шығармашылығының жалғасы деп есептеуге болады. Домбырашы орындаудың барлық қыр-сырын меңгеріп қана шеберліктің шыңына жете алады.

Күйлерді оқыту әдістемесі есту қабілетінің әдістемесіне негізделген.

Домбырада күйді орындау кезінде, педагог күйлерді орындауда күшті бөлігіне тоқталуды, музыкалық фразаны ресімдеп және дыбыстық тепе-теңдікке қол жеткізуді көрсетуі қажет. Білім алушының міндеті: домбыраның сүйемелін тыңдау, әуендердің мәнерлілігі мен қалықтаушылығы. Домбырада күйді ойнай отырып, білім алушы дыбыс шығарумен және динамикамен жұмыс істейді.

Күйлерді орындауды үйрету кезінде, ең алдымен педагог білім алушының отыру қалпына, оң қол мен сол қолды дұрыс қоюына назар аударады.

Білім алушыға «Этюд» техникалық жаттығулары ұсынылады. Жаттығуларды орындағаннан кейін «Күй» пьесасы жатталынады.

Пьесаларды жаттау кезеңдері: пьесаларды тыңдау, ноталық дәптерге жазу, бөліктерге талдау, дауыстап санап отырып төмен жылдамдықта орындау.

«Кел, билейік» әуенін жаттау кезеңдері: сөздері мен ноталарды жазу, дауыстап санай отырып, бөліктер бойынша жаттау; төмен жылдамдықта орындау; шумағы мен қайырмасын жеке ойнау; домбырамен сүйемелдеп, әнді орындау.

Практикалық міндеттерді орындау – жаттығуларды жүйелі түрде қайталау және тапсырмалардың қиындықтарының біртіндеп күшеюі арқылы жүзеге асады.

Домбырада этюдтерден, шағын халық әндерінен, заманауи композиторлардың әндерін жаттаудан бастау керек.

Аспапта ойнауды оқыту сабақтарында тек білім беру бағдарламасы ғана қарастырылмайды.

Білім алушылардың өзінің сүйікті күйлерін орындауға мүмкіндіктері бар. Бұл пәнге деген қызығушылықтарын жоғалтпауға көмектеседі. Ереже бойынша білім алушылар қолжетімді жаңа тапсырмалар орындаған кезде, өздерінің шешім қабылдауы үшін біраз күш қажет ететін кезде қызығып оқи бастайды.

Вокалдық музыканы білу - жүйелі түрде тыңдау, сондай-ақ домбырамен сүйемелденетін халық әндерін орындау арқылы қол жеткізіледі.

Тыныс алу дағдыларын бекіту — балаларға вокалдық тәрбие берудегі маңызды міндеттердің бірі, ол үшін арнайы жаттығуларды,

сондай-ақ үйретіліп отырған фрагменттерді пайдалануға болады. Тыныс алуды пайдалану техникасы – шусыз қысқа дем алу, тыныс алу сүйемелі және оны біртіндеп жұмсау.

«Дауыстап» ән айту нақышын алу — вокалдық тәрбие әдістерінің бірі. Сабақтарда қол жеткізген барлық вокалдық дағдылары – тыныс алу, дикция, ән айту нақышы ең соңында нәтиже береді, олар жеке халық әнін меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқытудың әр кезеңі үшін білім алушылардың вокалдық мүмкіндіктерін ескеріп таңдалған репертуарлары болады.

Алғашқы кезеңдерде репертуарда шағын диапазонды, жеңіл ырғақты, жағымды эмоциялық бағыттағы қысқа әндер басымырақ болады.

Орта, жоғары сыныптарда акцент күйлерге, халық әндеріне, термелерге, дастандарға ауысады. Диапазон кеңейеді, музыкалық баса айту, вокалдық техниканы меңгеру деңгейі жоғарылайды.

Дәстүрлі әндердің мәтіндерінде көрсетілген нақты мазмұнды домбыраның сүйемелімен үйлестіре отырып, көркемдік бейнені жасау барысындағы авторлық ойды іске асыру жолдарын анықтауға көмектеседі. Халық әндері мен заманауи композиторлардың шығармаларын көркемдік жетілдіру – білім алушының шығармашылық қабілеттерін, өзінің музыкалық тақырыптарды әзірлеу білігі мен талпыныстарын дамыту үшін кеңістік береді.

Вокалдық орындаушылыққа ғана емес, сондай-ақ тұтас көркем бейне жасауға – дауысты игеруден бастап, актерлік шеберлік, орындалатын халық әндерінің стилін сезінуден ақынның сырт бейнесіне және оның өзін-өзі ұстауына дейін талпынуды дамыту қажет.

Білім беру процесінің тиімділігі мақсатты мазмұны және тәрбие беру міндеттерімен, балалардың жас және жеке ерекшеліктерімен, педагог пен білім алушының кәсіби, білікті, педагогикалық өзара әрекеттесулерімен байланысты.

Ұлттық нақышты дәстүрлі әнге оқытудың өзіндік әдістері мен тәсілдері, ерекшеліктері бар.

Қазақтың дәстүрлі әнге оқыту процесінде бағдарлама халықтық музыкалық педагогикада қалыптасқан нотасыз оқыту әдісі «Ұстаз-шәкірт» (құймақұлақ) негізделген. Білім алушы педагогтің домбырада ойнауын естиді және көреді, әннің әуенін есінде сақтайды, әуенді домбырада ойнап шығарады.

«Ұстаз-шәкірт» әдістемесін өткізу формасының негізінде «оқыту-орындау» қағидаты жатыр, яғни оқыту әндерді орындау оқиғасымен тығыз байланысты. Бұл бір сабақтың ішінде әнді домбыраның синхронды сүйемелдеуімен бір рет орындауында нақты көрінеді. Педагогтің әнді алғаш орындау күші оған енудің негізіне айналады. Білім алушы әнді орындау екпінін және педагогтің қолдарының

қимылын жадына сақтайды, домбыраның үні мен әннің синхронды шығуына талпына отырып, ән айтуды және домбырада ойнауды үйренеді.

Резонансты айту. Бала әндер мен әуенді жаттаудан бастамайды, ән айтып тұрған педагогтің тембрі мен интонациясын қайталады. Осыдан кейін ол еріксіз сөзі мен әуенін меңгереді, ажыратады. Әнге оқыту тәсілінің негізінде педагогтің дауыс тембріне ұқсай білу білігін дамыту жатыр және сол сияқты «ізінше» ән айту.

«Ізінше» айту барысында дыбыстық резонанс құбылысы қолданылады, біріншіден, өз денесімен (дене рухани музыкалық аспап сияқты), екіншіден, ғимараттың акустикасымен, үшіншіден, басқа адамның дауысымен.

"Ізінше" айту. «Ізінше» айту өзінің тәжірибесі молырақ серіктесімен резонанстық байланысты іздеу: оның айтуы білім алушыға нота ретінде болады. Бұл шынайы халық әндерінің дыбыстық интонацияларына негізделген, бағалы білімді ауызша жеткізу дәстүріне жатады.

«Дәстүрлі ән айту» пәні бойынша бағдарлама тұлғаның тұтас көркем-эстетикалық дамуына және оның оқыту процесінде музыкалық-орындаушылық және теориялық білім, білік және дағдыларын алуды қамтамасыз етеді.

Алғашқы сабақтарда білім алушы аспап тарихымен, оның құрылымымен, негізгі бөліктерімен, домбырада ойнау тәсілдерімен танысады.

Педагог ойнау барысында дұрыс отыруды, оң және сол қолды дұрыс қоюды, саусақтарды домбыраның мойны мен ноталық станға орналастыруды, аспаптың мойнында дыбыстардың орналасуына көрсетеді. Білім алушылар домбырада ойнаудың дәстүрлі тәсілдерін (штрихтар) меңгереді.

Дәстүрлі әндерді орындау кезінде тыныс алуды бақылау және домбыраның дыбысы мен дауыстың үйлесімді шығуына талпыну қажет.

Бағдарламаның негізгі қағидаты дегеніміз – тек дәстүрлі ән туралы мәліметтерді беру ғана емес, сондай-ақ домбыра аспабын еркін меңгеру, қазақтың дәстүрлі әндері мен халық композиторларының әндерін кәсіби орындауға оқыту.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарына келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қажетті дамыту ортасын қалыптастыру қажет:

1) білім беру бағдарламасын балалардың жеке дамуын ескере отырып, іске асыру;

2) музыка өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау және дамыту;

3) оқыту процесінде заманауи музыка өнері мен музыкалық білім жетістіктеріне негізделген жаңа оқыту технологияларын қолдану;

4) түрлі іс-шаралар өткізу арқылы білім алушылардың шығармашылық қызметтерін ұйымдастыру (байқаулар, фестивальдер, шеберлік сыныптар, олимпиадалар, концерттер, шығармашылық кештер, театрландырылған көріністер және тағы басқалары);

5) педагогтер мен ата-аналардың қолдауымен жасалатын білім алушылардың өзіндік жұмыстары.

Білім беру бағдарламасын іске асыру барысында жүйелі түрде ғылыми-әдістемелік қызметпен айналысатын және өз біліктерін жетілдіретін, оқытылатын пәнді беру үшін арнайы кәсіби білімдері бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі қажет.

Аспапқа оқытудың негізгі формасы: педагогтің білім алушымен өткізетін жеке сабақтары.

Жас ақынды тәрбиелеу барысында педагог оқытылып отырған музыкалық шығарманың көркемдік мазмұнын техникалық тұрғыдан дұрыс ашылуына акцент жасай отырып, техникалық және көркемдік дағдыларын дамытуға назар аударуы қажет.

Концерттерге барғаннан кейін оларды талдау, байқаулар мен фестивальдерге қатысу – білім алушылардың аспаптық шығармашылыққа деген сүйіспеншілігін оятады, оның музыкалық-эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Педагог білім алушыларға мәтінді мұқият және анық оқуға, өзінің орындауын тыңдауға және оның сапасын арттыруға үйретеді.

Мәнерлі оқу, дыбысты естуі, тындай алу, интонация, ритм және динамика – бұлардың барлығына педагог барлық оқу жылында назар аударып отыруы қажет.

Табысты музыкалық орындаушылықты дамыту үшін білім алушылардың бойында еркін және шынайы орындау қабілеттерін дамыту қажет (көркемдік-орындаушылық міндеттерге негізделген қимылдарды меңгеру).

Педагог білім алушыны музыкалық-техникалық дамытумен байланысты жұмыстарды әр сабақта жүйелі түрде жүргізіп отыруы қажет. Ән айту техникасы бойынша жаттығулар (тыныс алу ережелерді, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, эпикалық әндерді, термелерді жаттау), домбырада ойнау техникасын дамытуға арналған жаттығулар (саусақтардың қимылдауы, анықтылық және тағы басқа) - оқу процесіндегі маңызды орын алуы қажет.

Оқытудың барлық кезеңдерінде білім алушыларды музыкалық-техникалық дамыту жұмыстарын жоспарлы және жүйелі түрде жүргізу керек.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты педагог нақты тапсырмалар беріп, оларды жүйелі түрде тексеріп отыруы қажет.

"Дәстүрлі ән айту" пәні бойынша оқытушының негізгі міндеттерінің бірі - білім алушының музыкалық қабілетін дамыту, олардың бойында орындаушылық вокалдық білік пен дағдыны қалыптастыру.

Оқытудың барлық процесі келесі қағидаттарды ескеріп, қарапайымнан күрделіге, білім алушылардың жеке зияткерлік, физикалық, музыкалық және эмоциялық қабілеттеріне, оның вокалдық дағдыларының даму деңгейлеріне сүйеніп құрылады. Білім алушы кіші болған сайын, тапсырмалар да жеңіл болады. Таңдалып алынған шығармалар әуеннің ладтың тұрғысына сәйкес мәнерлігімен және анықтылығымен, білім алушы диапазонының қолжетімділігімен ерекшеленеді.

Вокалдан беретін педагогтің қызметі келесі қағидаттарға сүйенеді:

оқытудың бағытталу қағидаты (әрбір нақты педагогикалық міндет бала тұлғасын, педагогті жан-жақты дамыту мақсатына бағындырылған тәрбие және оқыту жұмысы; оқыту және тәрбие беру міндеттерін шешуге жүйелі тәсілмен келу);

жүйелілік және бірізділік қағидаты (оқу материалының әрбір жаңа элементі басқаларымен қисынды байланысқан, кейінгілері алдыңғыларына сүйенетін, жаңа материалды үйренуге дайындайтын жүйеде, белгілі бір тәртіпте білім, білік және дағдылар қалыптасады);

қолжетімділік қағидаты (оқыту білім алушылардың физикалық және психикалық денсаулығына кері әсерін тигізетін зияткерлік, физикалық, моральдік шамадан тыс күш түсірмейтін нақты оқу мүмкіндіктерінің деңгейлеріне қарай құрылады);

көрнекілік қағидаты (оқыту балалардың сезімдік тәжірибелеріне сүйеніп іске асырылады);

оқытудың түрлі әдістері мен құралдарын үйлестіру қағидаты (білім беру процесінде оқытудың түрлі әдістері қолданылады – сөзбен жеткізу, көрнекілік, репродуктивті және ізденісті, ынталандыру әдістері және оқу қызметі мен бақылауды уәждемелеу; оқытудың түрлі құралдарын пайдалану);

білім беру, тәрбие беру және дамыту нәтижелерінің *беріктілік, түсіну және іс-әрекет жасау қағидаты* мықты білімнің дәстүрлі әдістеріне қарағанда оқыту нәтижелеріне жоғары талап қояды. Біріншіден, ол тек білім беру ғана емес, сондай-ақ оқытудың тәрбие беру және дамыту әсерлерінің де мықты болуын талап етеді. Екіншіден, бұл қағидат оқытудың саналы түрде білім алуды қамтамасыз ететіндігін болжайды. Ең соңғы, үшіншіден, ол оқытуды білім, білік және дағдының әрекет етуіне, сондай-ақ өзін өзі ұстау тәсілдерін қамтуға бағыттайды, яғни олардың практикаға бағдарлануы, өмірлік мәселелерді шешуге бағытталуы.

Музыка өнері – сезім мен эмоциялық күй маңызды орынға ие болатын, шынайылықты көрсететін ерекше форма, сондықтан да музыкалық таным эмоция мен ақыл, түйсік пен сезімнің бірлесуі негізінде ғана іске асырылады.

Білім алушылардың оқу қызметтерінің барлық түрлері шығармашылық сипатта болуы керек.

Осыған орай, ғалым-музыкатанушы Н.А. Терентьева музыка сабағының негізгі түрі шығармашылық түрдегі сабақтар деп есептейді.

Автордың айтуы боынша оны құру үшін бірқатар тиісті қағидаттарға сүйену қажет:

баланың эмоциялық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталуы;

тұрмысты көркем меңгерудің маңызды факторы ретінде бейнелі ойлауды қалыптастыруға бағытталуы;

көркемдік ашу процесіне бағыттайтын психологиялық фактор ретінде сабақтарда шығармашылық, қызығушылық, емін-еркін көңіл күйін жасау;

қоршаған әлемге деген көркемдік ерекше қарым-қатынасты қалыптастыру үшін негіз болатын суырып салу дағдысын тәрбиелеу;

шынайылық көріністерін пластикалық-сезімдік және эстетикалық көпжоспарлы игеруге арналған шарт ретінде көркемдік синтездеу қабілеттерін тиімді ету;

өнерді тұтас қабылдауға арналған негіз ретінде көркемдік жалпылау дағдыларын дамыту;

шынайылықты эмоциялық-шығармашылықпен бастан кешіруді туындату үшін маңызды шарт ретінде эстетикалық жағдай жасау;

білім алушылардың өздерінің шығармашылық тәжірибелерін іске асыру үшін және шынайы көріністерді түсіну үшін рухани өлшемдерді жасау үшін қажетті алғы шарт ретінде оқушылардың бойында көркемдік білім негіздерін қалыптастыру қажет.

Теоретик ғалым Д.Б. Кабалевскийдің бағдарламаның тақырыптық құрылымдары болып сабақтың келесі түрлері шартты болып табылады:

тақырыпқа кіріспе сабақ;

тақырыпты тереңдету сабағы;

тақырыпты жалпылау сабағы;

жалпылау сабағы + жыл концерті.

Тақырыпқа кіріспе сабақ. Мазмұнында жаңа түйінді білімді алғашқы жалпылау сипаттамасының бар болуы оның басты белгісі болып табылады. Әр тоқсанда бір сабақ осы түрде өткізіледі.

Тақырыпқа кіріспе процесі сабақта әдетте келесі негізгі кезеңдерден құралады:

1) білім алушылардың бұрын өмірден және музыкалық тәжірибесінен жинақталған тәжірибелерін жаңа негізгі білім тұрғысынан белсендіру;

2) ізденіс жағдайын туғызу негізінде іске асатын тақырыпқа кіріспенің өзі;

3) жаңа негізгі білім туралы алғашқы жалпыланған түсінік сабақтың музыкалық материалын қабылдау барысында бекітіледі.

Тақырыпқа тереңдеу сабағы. Басты белгісі – оның басты білім жаңа сипаттамасының мазмұнында болуы. Бұл сабақтың түрлері әр тоқсанда көптеп өткізіледі.

Тақырыпқа тереңдеу процесі әдетте үш негізгі кезеңнен құрылады:

1) өмірлік және музыкалық тәжірибесі бар білім алушыларды белсендіру (ең алдымен осы тоқсанда меңгерілген білім);

2) тақырыпқа тереңдеу (музыканы қабылдау негізінде, оқытуға түрлі құралдар мен тәсілдерді тарта отырып, білім алушыларды тану процесіне белсенді қатыстыру);

3) білім алушылардың музыкалық оқу қызметтерінің түрлі формалары мен түрлерін қолданып, түрлі шығармаларды қабылдау процесіндегі тақырыпты түсінудің жаңа сапасын бекіту.

Тақырыпты жалпылау сабағы. Негізгі белгісі – оның мазмұнында тұтас, бірақ байытылған, тақырыпқа кіріспе сабағымен салыстырғанда, негізгі білімнің сипатының болуы.

Педагог музыкалық материалдың мазмұнын анықтайды, білім алушының белгілі сыныптағы тоқсанның тақырыбын қалай меңгергендігіне байланысты оқытудың құралдары мен тәсілдерін таңдайды.

Қорытынды сабақ - жылдық концерт. Бұл сабақтың мақсаты – оқу жылының ішінде білім алушының қол жеткізген музыкалық мәдениетінің деңгейін көрсету.

Сабақтың құрылымы мен сабақтың түрі алға қойған мақсаттарына байланысты болады: жаңа материалды оқып-үйрену, білім, білік және дағдыларын жетілдіру, білімдерін жалпылау және жүйелеу, білім, білік және дағдыларды есепке алу және бағалау.

Жаңа материалды оқып-үйрену кезінде келесі сабақ түрлері қолданылады: әңгіме-сабақ, дәріс-сабақ, ондай сабақтарда теориялық мәліметтер беріледі, халықтық ән айтудағы түрлі бағыттармен, орындау машығымен, ақындардың, күйшілердің, заманауи композиторлардың үлгілерімен таныстыру жүзеге асырылады. Педагог көрнекі құралдарды, аудио және видео материалдарды пайдалана отырып, оқу материалын түсіндіреді.

Практикалық сабақтарды білім алушылар педагогтің бастауымен вокалдық, орындаушылық дағдыларды меңгеру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Практикалық сабақтың құрылымы тыныс алу және вокалдық жаттығулармен жұмысты, ән репертуарымен жұмысты қамтиды.

Өткен материалды қайталау үлкен маңызға ие. Бұл таза, дұрыс айту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, музыкалық есте сақтау жадын дамытады, алған әнді айту дағдыларын бекітуге көмектеседі.

Сабақтың негізгі кезеңдері:

ұйымдастыру кезеңі;

білім алушылардың алдына сабақтың мақсатын қою;

тыныс алу жаттығуларының кешенін, тыныс алу гимнастикасын орындау;

мимикалық, артикуляциялық, дикциялық жаттығуларды орындау;

музыкалық шығармамен жұмыс;

сабақта оқып-үйренгендерін жалпылау және оны бұрын игерген білім және білік жүйелеріне енгізу;

педагог және білім алушымен іске асырылатын оқу қызметі нәтижелерін бақылау, білімді бағалау;

келесі сабаққа берілетін үй тапсырмасы;

сабақты қорытындылау.

Ұйымдастыру кезеңі мұғалімнен әр сабақтың мазмұнына және педагогикалық қызметтің өз стиліне сәйкес келетін шығармашылық тәсілді, түрлі тәсілдердің вариацияларын, өзінше ерекше формаларды іздеуді талап етеді. Бұл кезең білім алушының ішкі психологиясын ұйымдастырады, білім алушылардың білімдерін белсендіреді.

Білім берудің заманауи жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі - жеке дисциплина шеңберінде білім алушылардың нақты пәндік білім мен дағдыларын ғана игеріп қоймай, сондай-ақ «оқытуға үйрету» құзыреттілігін қамтамасыз ететін, универсалды оқу қызметінің жиынтығын қалыптастыру болып табылады. Мақсатты тұжырымдау білім алушының бойында дамытуға қажетті реттеуші универсалды оқу қызметтерінің құрамына кіреді. *Білім алушылардың алдына сабақтың мақсатын қою* – білім алушы мен педагогтердің алдағы оқу қызметтерінің міндеттерді қалыптастыратын, білімнің қалыптасуына көмек болатын құралдарды таңдайтын сабақтың маңызды кезеңі болып табылады.

Тыныс алу жаттығуларының кешенін, тыныс алу гимнастикасын орындау. Тыныс алу дағдыларын бекіту — балаларға вокалдық тәрбие берудегі негізгі міндеттердің бірі, ол үшін арнайы жаттығуларды, сондай-ақ үйретіліп отырған әндердің бөліктерін қолдануға болады.

Мимикалық, артикуляциялық, дикциялық жаттығуларды орындау. Білім алушыларды арнайы дайындық жаттықтыру курсының көмегімен жаттықтыру қажет, ондай курстардың мақсаты дауысты және ән айту дағдыларын дамыту болып табылады. Әр сабаққа қажетті, дәстүрлі дайындық жаттықтыру курсы: сөйлеу немесе дикциялық жаттығу – сөйлеудегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды, дәстүрлі

әндегі дәстүрлі дыбыстарды дұрыс дыбыстауға бағытталған сөйлеудің, дикциялық жаттығулардың арнайы курсы.

Музыкалық шығармамен жұмыс. Шығармамен жұмыс істеу кезеңдері:

бастапқы кезең (музыкалық шығарманы тыңдау, оны талдау);

ортаңғы кезең (шығарманы жаттау);

қорытынды кезең (шығарманы орындай алу).

Сабақта үйретілгендерді жалпылау және оны алдында меңгерілген білім мен біліктер жүйесіне енгізу. Тақырып бойынша тұтас білім жүйесін қалыптастыру, тақырыпты біртұтасқа біріктіру бойынша білім алушының белсенді және тиімді қызметі, алған білімдерін түрлерге бөлу және жүйелеу, ішкі және пәнаралық байланыстарды анықтау.

Сабақтың «Педагог пен білім алушының іске асыратын оқу қызметінің нәтижесін бақылау, білімді бағалау» кезеңінің негізгі мақсаты: білімді меңгерудің сапасы мен деңгейін, әрекет ету тәсілдерін анықтау, олардың түзетулерін қамтамасыз ету, оқытудың жоспарланған нәтижесіне білім алушылардың жетістіктері туралы нақты ақпаратты алу.

Сабақтың «Келесі сабаққа арналған үй тапсырмалары» кезеңінің мақсаты:

үй тапсырмасының мазмұнын түсінуін және орындау тәсілін қамтамасыз ету;

қажетті жазбаларды тексеру, олардың дамуының белсенді деңгейіне сәйкес білім алушылардың үй тапсырмаларын табысты орындауы үшін қажетті және жеткілікті шарттарды іске асыру.

Сабақтың қорытынды кезеңінде білім алушылар мен педагогтің мақсатқа қол жеткізулерінің табыстылығы талданады және бағаланады, алдағы жұмыстың перспективалары қарастырылады.

Педагог оқытудың проблемалық әдісіне сүйенуі, сабақтарды көбінесе сұхбат ретінде жүргізуі тиіс. Техникамен жұмыс бір уақытта көркемдік (мәнерлік), бейнелік жұмыс болып табылғанда, педагог көркемдік және техникалық мақсаттарды біріктіруге қол жеткізуі қажет.

Білім алушылардың эмоциялық күйлеріне әсер етіп, оларды көркемдік бейнені сезінуге мәдбүрлеу, қабылдау, талдау және музыка арқылы оны өз басынан кешіруге итермелеген абзал. Ізденіс жағдайлары мен қарсы қойылатын сұрақтар білім алушыға тиісті орындаушылық тәсілдерді табуға, бастамашылдықтарын көрсетуге көмектеседі, бұл ойлауды дамытудың, балалардың өз бетімен жұмыс істеулері мен шығармашылығын көрсетудің жолы.

Әншілік дыбыстың, оның тембрінің сапасын түсіндіру барысында бейнелі анықтамалар кеңінен пайдаланылады. Сондай-ақ естумен

байланысты анықтауыштардан бірге, көрумен, сипап сезумен, резонаторлық, тіпті дәмді сезумен байланысты анықтауыштар қолданылады. Мысалы: қатаң, сыңғырлаған, ашық, жарық, күңгірт тембр; жұмсақ, қатты, қысылыңқы, солғын, жақын, алыс, төмен дыбысталулар; дәмді, ләззат сыйлайтын дыбыс және тағы басқа.

Иллюстарция үшін сабақтарда видеожазбалар, бейнеклиптер, фильмдер және т.б. қолданылады.

Вокалдық дағдыларды қалыптастыруда жағымды нәтижеге қол жеткізуде негізгі шарт оқу процесін ұйымдастыру болып табылатынына ерекше назар аудару қажет. Сабақ негізін музыкалық-дидактикалық ойындар құрайды.

6 жастан 12 жасқа дейінгі балалардың ән айтуындағы қателіктердің алдын алуға және жоюға тырысу керек, оның ішінде – дыбысты жылдамдату және артикуляцияны дұрыс жасамау. Ән айту арқылы дауысты жаттықтыру балалар дауысының физиологиясын зерттеуге негізделеді.

Білім алушының үлгерімін бағалау үшін түрлі сауалнамалар қолданылады:

1. Жылдам, баға баллмен қойылмайды, бірақ сөзбен қысқа сипатты жауап беріледі. Мұндай сауалнама әр сабақта жүргізілуі қажет, - ол өткен материалды бекітуге ықпал етеді.

2. Тақырыптар бойынша тексеру сауалнамасы. Оның міндеті – білім алушылардың материалды меңгеруін тексеру. Баға қоюға болады, ал ең бастысы білім алушының сипаттамасы.

3. Үй тапсырмалары бойынша білім алушыларға сауалнама жүргізу. Тапсырмаларды таңдаулы түрде тексеруге болады.

4. Бақылау сауалнамасы. Әр тоқсанда жүргізілуі қажет. Баға қою міндетті. Баға қою барысында білім алушылардың табиғи қабілеттері, сондай-ақ оның жұмысы ескеріледі.

Негізгі талаптар:

сабақты құрудағы әдістемелілік және жүйелілік;

міндеттерді түсіндіру және құрудағы анықтылық пен нақтылық;

сынып жұмысы мен үй тапсырмаларын мұқият ұйымдастыру;

орындалатын жұмыс сапасына қойылатын талап.

Сабақтардың атмосферасы шығармашылық пен қызыққа толы болуы қажет, сабақ қызығушылық, ашық эмоциялық әсер қалдыруы керек. Орындалатын шығармалар музыкалық орындаушылығы жағынан жоғары сапада болуы керек.

Дауыс аппаратының ерекшеліктері. Орта мектеп жасы (10 – 15 жас). Дыбыс шығару және дыбысты жүргізу негіздерін оқып отырған орта мектеп жасындағы вокалшылармен жұмыс істеу барысында дауыс аппаратын мейлінше қорғайтын, жұмсақ шабуылды қалау қажеттілігі ескеріледі.

Орта мектеп жасындағы балалармен жұмыс істеу барысында ерекше назар мутация алды және мутациялық кезеңге аударылады. 11 жасқа қарай балалардың, әсіресе ұл балалардың дауысында кеудеден дыбыстаудың реңктері пайда болады. Кеуде қуыстарының дамуына, мейлінше тыныстың тереңдеуіне байланысты дауыс толық және қанық дыбыстала бастайды. Ұлдардың дауыстары дисканттар мен альттарға бөлінеді. Жеңіл және сыңғырлаған дисканттары ре1 – фа2 диапазоны болады; альттар тығыздау, темір дыбысына ұқсас және си – до2 диапазоны. Бұл жаста балалар дауыстарының диапазонында, үлкендердікі сияқты үш регистрді ажыратады: басқы, аралас (миксті) және кеудеден.

Қыздарда басты регистрдің дыбысталуы басым болады және сопрано мен альт тембрлерінде үлкен айырмашылық болмайды. Диапазонның негізгі бөлігін орталық регистр құрайды, ол табиғатынан дыбыс құраудың аралас түріне ие болады.

Ұл балалар бір регистрді, әсіресе кеуде дыбыс аумақтарын жиірек қолданады. Тіпті бір типті дауыс регистрлерінің шекаралары бір-біріне сәйкес келмейді және ауыспалы дыбыстар бір немесе одан көп тонға ерекшеленуі мүмкін. Кейбір балалардың дауыс диапазондары көрсеткеннен де жоғары болуы мүмкін. Екі октавадан да жоғары диапазонға ие болатын дауыстар да, әсіресе ұл балаларда кездеседі.

Мутация алдындағы кезеңде дауыстар тембрлік анықтылыққа және әр дауысқа тән жеке қасиеттерге ие болады. Кейбір ұлдардың өлең айтуға деген қызығушылықтары жоғалады, мейлінше төменгі тесситураларда ән айту тенденциялары пайда болады, дауыстары тұрақсыз шығады, интонациялары қиындайды. Дисканттарда қалықтаушылық, қозғалғыштық жоғалады. Альттар басымырақ дыбысталады.

13-15 жас, мутациялық (ауыспалы) кезең балалардың жыныстық жетілу кезеңіне сәйкес келеді. Мутация формалары әртүрлі өтеді: кейбіреулерде жайлап және білінбесе (қарлығу және дауыстың тым шаршаңқырауы байқалады), ал басқаларында – мейлінше анық және мейлінше сезілді (ән айту және сөйлеу кезінде дауыс қарлығады). Мутациялық кезеңнің жалғасуы түрлі болуы мүмкін, бірнеше айдан бірнеше жылға дейін. Мутациялық кезеңге дейін ән айтып жүрген балаларда ол әдетте тезірек өтеді және дауыстың күрт өзгеруі байқалмайды.

Педагогтің міндеті – мутацияны дер кезінде байқау және оның алғашқы белгілерін байқағаннан-ақ алдын алу шараларын іске асыру: алдымен баланы мейлінше төмен партияға отырғызу, сосын қажет болса, хор сабақтарынан босату керек болады. Мутация алдындағы кезеңді өткеріп жатқан балалардың дауыстарын тыңдау және олардың дауыстарындағы барлық өзгерістерге дер кезінде әрекет ету маңызды.

16-19 жас, жасөспірімдер жасы. Бұл жас санатындағы вокалдық топтар әдетте үш партиядан құрылады: сопрано, альттар - қыздар дауысы, бір ерлердің дауыстарына біріктірілген тенорлар мен баритондар. Сопрано партиясының диапазоны: до1 – соль2; альттар: лям – ре2; ерлер партиясы: сиб – до1.

Жасөспірімдердің хорында ән айтудың санитарлық ережелерін сақтау, жылдам дыбысталуға жол бермеу, тыныс алу техникасын дамыту және диапазонды барынша мұқият кеңейту қажет. Шыңғырып ән айту толық қатаймаған дауыс желбезектеріне кері әсер етуі мүмкін. Хормен ән айтудағы барлық ән айту процесі балалардың физикалық мүмкіндіктері мен балалардың психикалық ерекшеліктеріне қарай түзетіліп отыруы қажет.

Жоғары мектеп жасындағы балаларда біртіндеп кеуде резонаторлары пайда бола бастайды. Кеуде резонаторының қалыптасуы - жас әнші үшін жауапты кезең.

Білім алушының кеуде дыбыс аумағының жоғары дыбыстық диапазонын және оны шебер қолдана білген маңызды, сонда оның дауысына кері әсер етпейді.

Жоғары сынып білім алушысы дауысының жеке ерекшеліктеріне байланысты жұмысты әдетте кенеттен ән айтқанда жиі пайдаланатын дауыс аумағынан бастайды.

Әрине, оны кез-келген регистрде ән айтып үйретуге болады, алайда вокалшы дауысының табиғатын ескере отырып бастаған жұмыс мейлінше табысты болады.

Тіпті дауыс регистрлерінің барлық мүмкіндіктерін еркін меңгерген жағдайда да, қандай да бір регистрде оның дауысы мейлінше жақсы дыбысталып, әншінің жеке ерекшеліктері пайда болады.

Алғашқы кезеңдегі жеке сабақ жағдайындағы педагогтің жұмысы дауыстың табиғи регистрлерін меңгеруге бағытталған, баланың табиғатына жақын, бейімі бар регистрден бастайды.

Екінші кезеңде олардың диапазондарына сәйкес келетін регистрлерді саналы түрде пайдалану дағдылары қалыптасады.

Үшінші кезеңде бір регистрден екінші регистрге еркін ауысу, секірумен қатар миксті немесе оны біртіндеп тембрлік байыту арқылы фальцетті регистрден кеуде дыбыс аумағына біртіндеп және баяу ауысу білігі қалыптасады.

Төртінші кезеңде білім алушының ән айтудағы дауыс регистрлерін еркін пайдалану қабілеттері бекітіледі және жетілдіріледі. Педагогикалық ықпалдың, білім алушының музыкалық қабілеттерінің тез қабылдауышылықтарына байланысты әр кезеңнің ұзақтығы әр жолы әр түрлі анықталады.

Музыкалық қабілетті дамыту – балаларға музыкалық тәрбие берудегі басты міндеттердің бірі. Вокал-хор дағдыларын дамыту

келесілерді қамтиды: жоғары дыбысты есту, ладтық сезім, ритм сезімі. Ладтық сезім, музыкалық-есту түсініктері және ритм сезімі музыкалықтың ядросын, негізгі музыкалық қабілеттерді құрайды.

Дамудың диагностикалық бөліктерін жүргізе отырып, балаларға үнемі бақылау жүргізу қажет. Жылына 1-2 рет жүргізілетін музыкалық қабілеттерді диагностикалау әр баланың өзіндік даму сапасын бағалауға және соған сәйкес сабақтардың мазмұнын түзетуге мүмкіндік береді.

Балалар даусының негізгі қасиеті – жеңілділік, сыңғырлау. Диафрагмаға назарларын аудара отырып, иықпен тыныс алудан қашу қажет. Балаларға дауыс қасиеттерін қандай түсініктерден құрылатындығын түсіндіру қажет: тембр, диапазон, дыбыстың қалыптылығы, дауысты меңгеру техникасы. Ән айту процесі саналы түрде жүргізілуі қажет. Балаларға "сүйенішпен" үзіліссіз дыбыспен ән айтуды үйрету керек, шыңғыруға болмайды, ағзаның шамадан тыс күш салмай дыбысты мейлінше созу керек.

Дәстүрлі мәдениеттің шеберлері әншілік тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып, халық әндерін орындау **тәсілдері мен амалдарын** мұқият сақтайды.

Балалардың әншілік дауысын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері.

Буындарды дәл дыбыстау, қатаң дауыссыздарды бұрмалау. Шыңғыруға жол бермеу - бұл баланың нәзік дауыстарын зақымдауы мүмкін.

Сөздерді дұрыс айтуға ұмтыла отырып, балалардың сөйлеу жаттығуларындағы тұрақты қажеттіліктерді қалыптастыру. Тыныс алу жаттығулары.

Дыбысты көп мәрте қайталау немесе ән айту - құлақ арқылы байланысты қалыптастырады.

Біртіндеп дамыту және ән айтуға қатысатын бұлшық еттерді қамту балалардың дауыстарын дұрыс және үйлесімді дамытуға кепілдік болады.

Дұрыс орындау үшін келесілер қажет:

сөйлеу нақышында фразаларды айту;

дәл осы фразаларды ән салуда айту;

дыбысты тамақпен итермелемей, ән ритмдегі сол бір дыбысты дәл жасау;

сөйлеуге үзіліс жасай отырып, әуенді айту.

Білім алушыларды арнайы дайындық жаттығу курсының көмегімен жаттықтыру қажет, оның мақсаты дауыс және ән айту дағдыларын дамыту.

Әр сабаққа арналған қажетті, дәстүрлі дайындық жаттықтыру курсы:

Сөйлеу немесе дикциялық жаттығу – дауысты және дауыссыз дыбыстарды, халық әніндегі дәстүрлі дыбыстардың дұрыс шығуына бағытталған сөйлеуге арналған арнайы курстар, дикциялық жаттығулар.

Тыныс алу жаттығулары вокалмен жұмыс кезіндегі қажетті тыныс алуды қалыптастырады, диафрагманы бекітеді. Тыныс алудың түрлерін ұйымдастырады: қысқа, ұзақ, жалғалмалы.

Ән айту – дауыс аппаратына арналған жаттығулар айналымы. Дұрыс вокалдық дыбыс шығаруды қалыптастыруға, орындау ыңғайлығына ықпал етеді, ішкі дауысты дамытады, интонацияның тазалығын шыңдайды.

Музыкалық қабілеттерін дамыту үшін балаларға вокал-хор дағдыларының кешенін меңгеру қажет.

Бұл дағдыларды дамыту білім алушыларға ән айтуды үйрету процесінде пайда болады және бірнеше кезеңді қамтиды. Ән айтудың вокалдық-хор дағдыларының дамуының екі кезеңін бөліп қарауға болады:

1-кезең – даярлық немесе таныстыру кезеңі. Ән айту дағдыларын тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі - бекітілген ән айту ережелерін сақтау. Артикуляцияға ерекше назар аударылады. Ауызды табиғи түрде және еркін ашу қажет. Артикуляцияның әлсіз болуы әдетте нашар дикцияның салдары болып табылады, дауысты және дауыссыз дыбыстардың қажетті қанықтылығы, нақтылығы және тұрақтылығы болмайды, дыбыстар бірыңғай жалықтыратын солғын болып шығады. Вокалдық дауыстылардың сапасы үшін тек алдыңғы артикуляциялық аппаратттың ғана емес, сондай-ақ оның артқы жұтқыншақ бөлігінің де маңызы зор. Сосын ән айту кезінде қалай отыру және тұру қажет екендігін түсіндіру керек: қолдары еркін төмен немесе тізесінде жатуы қажет, басты тік ұстау керек. Балалардың әншілік дағдыларды біртіндеп игеруіне байланысты бұл талаптарға әр сабақ сайын тоқталып отыру қажет.

2-кезең – әншілік дағдыларды меңгеру (тыныс алу, дыбыс шығару, дикция). Вокал-хор дағдыларын дамытуда үлкен орынды тыныс алу алады. Балалардың өкпелерінің сыйымдылығы аз, сондықтан да балалардың дауыстарының дыбыс күштерінің табиғи шектелулері бар. Әншілік тынысты мұрын арқылы алу қажет. Кеуде қуысының жоғары бөлігінің қатысуымен шығарылатын үстіртін, таяз тыныс алу оқушылардың кемшілігі болып табылады. Бұл сыртынан қарағанда иықтарын көтергенде байқалады. Тыныс шығаратын демді үнемдеп жұмсауды, ән айту барысында барлық фразаларға бөлуді үйрету – вокалдық тәрбиенің маңызды міндеті.

Алғашқы кезде балалардың дұрыс отыруына назар аудару қажет. Бірінші сабақтан бастап-ақ балаларға дирижердің қимылы бойынша

тыныс алуға үйрету қажет. Бұларды ойындық жаттығулардың көмегімен жасауға болады: бақбақты үрлеу, гүлдің иісін искеу, шарларды үрлеу және тағы басқа.

Дұрыс әншілік тыныс алу дыбыс шабуылымен байланысты. Оқытудың бұл кезеңінде тек жұмсақ шабуылды қолданған жөн. Бұл кантиленді ән айтуды дамытуға және қалыпты, жұмсақ дыбыстың дамуына ықпал етеді.

Қатты шабуыл әдетте дыбыстың жылдамдатуына алып келеді, ол баланың дауыс аппаратының дамуына кері әсер етуі мүмкін. Көп жағдайда балалар ән айтпайды, тек ән ритмінде мәтінді орындайды.

Вокалдық өнерде байыпты ән айту ең басты болып табылады, сондықтан оқытудың алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ созылыңқы айту дағдыларын қалыптастыру керек. Оқыту барысында балалардың диапазонын білу, олардың болжамды тондарын білу өте үлкен маңызға ие. Бірінші сыныпты бұл «зонадағы» мейлінше дыбысталатыны: соль, соль#, ля бірінші октавада. Біртіндеп диапазон «си»-ға қарай жоғарылайды және «фа», «ми»-ға қарай төмендейді.

Шығарманы мәнерлеп орындауға дикция үлкен әсер етеді. Жақсы дикция дегеніміз таза және анық шығару, әр дауысты және дауыссыз дыбыстардың жеке алғанда, сондай-ақ сөздердің және тұтас алғанда сөйлемдердің таза және мүлтіксіз шығуы дегенді білдіреді.

Кіші мектеп жасындағы балалар негізінен бір негізгі әуеннен тұратын әндерді таза интонациялайды. Білім алушылардың екі дауысты меңгеруді есту қабілеттері бір дауыста ән айту негізінде іске асады. Бір дауысты жаттығулар екі дауыспен жұмыс істеу кезеңінде де маңызды болып табылады.

Бала ағзасының үнемі өсіп отыратынын ескерсек, баланың дауысында да өзгерістер болады. Сондықтан да білім алушыларды дүркін-дүркін тексеріп және оларды партиядан партияға ауыстырып отыру қажет.

Ән айту дағдыларын жетілдіру мақсатында техникалық материалдарды қайталау негізіндегі жаттығулар – балалардың әншілік дағдыларын қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Жұмыс процесінде педагог білім алушылардың диафрагмалық тынысты, интонацияның тазалығын меңгеруіне қол жеткізуі қажет.

Вокалдық-орындаушылық техникамен жұмыс оқытудың барлық жылдарында, түрлі жаттығуларды қамтитын оқу материалдары негізінде жүйелі түрде жүргізіледі.

Вокалдық жаттығулар орындаушылық техникамен жұмыста алдыңғы мәндерге ие. Жаттығулар әнші дауысының дамуы мен қалыптасуының алғашқы кезеңінде ерекше маңыздылыққа ие болады.

Олар дауысты кәсіби күйге келтірудегі кемшіліктерді жоюға қажет. Сонымен қатар, жаттығулармен жұмыс тыныс алуды,

резонаторларды игеруге, барлық диапазондағы дыбыстылудың қалыптылығына қол жеткізуге, сондай-ақ оның үздік тембрлік бояуларына қол жеткізуге ықпал етеді.

Әндету ән айтуға үйретудің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Әндету жүйесі вокалдық техниканы, музыкалықты және әртістікті мақсатты, таңдау және жүйелі дамытуға мүмкіндік береді.

Ән айту — негізгі ән айту дағдыларды мықты бекітудің ең үздік формасы. Бұл ұзақ мерзімді міндеттерге жатады. Сонымен қатар, ән айту бір мәртелік мәнге де ие: шығармашылық тонусты құру және дауыс аппаратын жұмыс күйіне келтіру.

Ән айту вокалдық техниканың жеке элементтеріне таңдаулы түрде тоқталуға мүмкіндік береді, техникалық дағдылардың диапазонын біртіндеп кеңейте отырып, оларды автоматты әдетке айналдырғанға дейін жаттықтыру. Бұл басты назарды әртістікке және орындалып отырған шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуға аудара отырып, білім алушыға репертуардың вокалды-техникалық қиындықтарын еркін өтуге мүмкіндік береді.

Осыған орай, білім алушының дайындық деңгейі мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жаттығуларды қиындық деңгейі бойынша таңдау және жүйелеу қажет. Жеке жағдайлардан басқа, әрбір вокалдық жаттығу білім алушының елестетуін дамытатын сөзбен айтылған ойды немесе мәнмәтінен тұруы қажет.

Айтуға арналған жаттығулар білім алушының қисынды түсінуіне қонымды, естуге жеңіл қабылданатын және біртіндеп күрделенетін болуы қажет.

Ән айту дағдылары әндерді жаттау бойынша жұмыс процесінде де қалыптасады.

Тыныс алу дағдыларын бекіту — балаларға вокалдық тәрбие берудегі маңызды міндеттердің бірі, ол үшін арнайы жаттығуларды, сондай-ақ үйретіліп отырған әндерден үзінділерді де пайдалануға болады.

Тыныс алуды техникасын қолдану дегеніміз – тыныс алуды сүйемелдеу және оны байыппен біртіндеп жұмсау. Тыныс алуды, жаңартуды оны жұмсағанға дейін жасалу қажет. Балалар тынысты жиі «таңдайды» және «жабады», осылайша дыбысты қысады. Демді шамадан тыс алу дыбысталуға күш салуға алып келіп, интонациялаудың нақтылығына кері әсерін тигізеді. Осыларды болдырмау үшін тыныс алуды пайдалануда еркіндікке және бірқалыптылыққа қол жеткізу қажет.

Әрбір жас әншіге тыныс алуды практикалық меңгеру және оны арнайы жаттығулармен жаттықтыру қажет:

1. Бірнеше рет қысқа тыныс алу және ұзақ тыныс шығару (бұл кезде диафрагма мен іштің бұлшық еттерімен жұмысқа назар аударылады).

2. Терең тыныс алып, бірнеше секундқа демді ұстап тұру және еріндерді біраз қысып тұрып, тыныс шығару толық болатындай ауаны ақырындап және бір қалыпты шығару.

3. Жеткілікті тыныс алу және түрлі дыбыстарды, ән айтуға ыңғайлы регистрде әр фразаны бір рет тыныс шығару кезінде айту.

Бұл жаттығудағы басты техникалық міндет (басқа да сол сияқтыларда) — табиғи сөйлеу артикуляциясы, дауыстың жақсы сүйемелі, кеуде және бас резонаторларының жұмысы, осыдан барып — қажетті регистрлерді және олардың біріктірулерінде дауыстардың тегіс дыбысталуы.

4. Балалардан әрбір жеке музыкалық фразаны бір тыныста саналы түрде айтуды талап ете отырып, жаттығуларды балалар фольклорының мелодиялық дамуы жағынан қарапайым шығармалардан бастаған жөн.

Вокалдық жаттығуларды жүйелі түрде орындау дыбысты түзетуге ықпал етеді, табиғи жеңіл ән айтуға көмектеседі. Мұндай жаттығулардың алғашқы кезеңіне қызығушылық тудыратындай, мазмұны жағынан қызықты немесе ойын түрінде болғаны өте маңызды, себебі, қызықтыру - балаларға ән айтудың мәнерлілік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

Осылайша, осындай жаттығуларды орындау барысында балалардың ашылуына және өз мүмкіндіктерін толық ашуға көмектесетін эмоциялық шығармашылық көңіл-күй қалыптасады.

Педагог дарындылықтары түрлі деңгейдегі білім алушылармен жұмыс жасайды, сабақ уақытының қатаң шектеулі нормаларында күрделі орындаушылық дағдыларды дамытуына тура келеді. Ол тек терең білімді ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар педагогикалық жұмыстың өте жоғары техникасын да білуі қажет.

Педагог білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруі, түрлі жағдайлардағы қандай да болмасын мәселелердің шешімін табуы, шектеулі сабақ уақытында үй тапсырмасының нәтижесін тексеріп қана қоймай, музыкалық шығармамен жұмыста қажетті көмек көрсете алатындай уақытты тиімді пайдалануы қажет.

Музыкант-педагогтен білім алушы жұмыс жасап отырған музыкалық шығарманың көркемдік мазмұнына ілтипат көрсетуін, оларды түсіндіруде және ерекші қиындықтарды меңгеру жолдарында шығармашылық тәсілдерді қолдануды қажет етеді.

Педагог әрқашан білім алушылардың оқып-үйреніп жүрген музыкалық шығармаларына жаңаша көзбен қарап отыруы қажет. Тіпті бұрыннан таныс шығарманы түсіндіруде жаңа нәрселерді табу қиын болса да, алдыңғы тәжірибесіне сүйене отырып, білім алушының осы

шығарманы игеру процесіне қандай да бір жетілдірулер енгізу мүмкіндігі болады, осылайша, жұмысты өзі үшін де, білім алушы үшін де қызықты ете алады.

Тұтас алғанда вокалдық шығармамен жұмысты келесі бөлімдерге бөлуге болады:

шығармамен және оның авторларымен танысу;

вокалдық партияларды жаттау (тональділік, өлшем, сольфеджиолау, анықтау, таза интонациялау, күрделі әдістемелік айналымдар және интервалдар, ритмикалық суреттің нақтылығы), сөзбен әндерді айту (шығарманың мәтінін талдау);

дыбыс жүргізумен, дикциямен, артикуляциямен жұмыс;

шығарманың формасын, мәндік және динамикалық кульминациясын анықтау;

баса айтумен, динамикалық реңктермен, темппен, агогикамен жұмыс; ансамбльдік вокалдық партиямен және сүйемелдеумен жұмыс;

көркем-бейнелі сахналық орындауға қол жеткізу.

Шығармамен жұмыс істеудің алғашқы кезеңі.

Бірінші тәсіл.

Шығармамен жұмыс алдын-ала тыңдаудан басталады, ол мәтінді талдауға көмектеседі. Жаңа шығармалармен таныстырудың екі тәсілі бар:

бірінші – білім алушыға шығарманы өзінің орындауымен таныстыратын педагог оны жаңа жұмысқа қызықтырады және ынталандырады;

екінші – үйретіліп отырған шығарманы аудиожазбада тыңдау. Шығарманы көз алдына ноталық мәтінмен тыңдаған өте маңызды. Жаңа шығармамен алдын ала танысқаннан кейін оған талдау жасау қажет:

жалпы құрылымы мен сипаты;

бөліктерінің сипаты және олардың арасындағы қатынас;

трактовканың негізгі кезеңдері;

техникалық тәсілдер;

темпке, тональділікке (кілттегі белгілер), өлшемге назар аудару.

Бұл талдау әңгіме түрінде жүргізіледі, ол кезде педагог шығарманы толығымен және бөлшегімен бірнеше рет орындауы қажет, білім алушылардан алған әсерлері туралы сұралады, оған жеке нақты сұрақтар қояды.

Екінші тәсіл.

Музыкалық шығармамен жұмыс баяу темптегі ноталық мәтінді мұқият жаттаудан басталады.

Шығарманы талдаудағы алғашқы кезеңде ең жауапты кезеңдердің бірі аппликатураны таңдау болып табылады. Қисынды дұрыс және ыңғайлы аппликатура шығарма мазмұнының максималды

техникалық және көркем жүзеге асуына ықпал етеді. Сондықтан осы міндеттерді шешудің ең оңтайлы тәсілдерін табу қажет.

Шығармамен жұмыстың ортаңғы кезеңі.

Үшінші тәсіл.

Шығармамен жұмыс кезеңінде білім алушының назарын аудару өте маңызды және белгілі бір уақытты жаттауға арнау керек. Күрделі жерлері көңіл бөлуді және мейлінше мұқият жұмыс істеуді талап етеді. Қиындықтардың түсінікті болуы үшін ең алдымен олардың ерекшеліктері мен музыкалық шығарманы орындаудың тиісті тәсілдерін табу керек.

Ең алғашқы сабақтардан бастап-ақ білім алушылардың бойына сауатты музыкалық ойлаудың элементтерін дарыту қажет. Онымен бірге музыкалық фразаның құрылымын талдау, онда өзінің мәнінің түсінігі болады және оның айналасында бір музыкалық мәнге біріктіретін айналасындағы дыбыстардың тобы құралады.

Музыкалық шығарманы үйрету барысында сондай-ақ бір тегіс демалу сезімін дамытатын, форманың тұтастығын түсінетін ритмикалық бақылаудың да маңызы зор.

Шығармамен жұмыс барысында маңызды кезеңдердің бірі болып мәнерлілік элементі – динамика болып табылады. Ол шығарманың шарықтау шегін анықтауға көмектеседі, олардың көмегімен композитор эмоциялық қысылу көңіл-күйін немесе оның құлдырауын жеткізеді. Білім алушы жергілікті шарықтау шегінің қысылуы жалпы эмоциялық және мәндік мәнмәтіндегі мәніне сәйкес болатындай етіп динамикалық жоспарды құруы керек. Олардың көмегімен білім алу орталық шарықтау нүктесіне бағытталған жолдағы эмоциялық қысылудың біртіндеп өсуіне және кенеттен ауысусыз құлдырауды жүзеге асырады.

Осының нәтижесінде шығарманың формасы эмоциялық екпінмен, динамикалық толқынмен қамтылады, бұл композицияның тұтастығына алып келеді.

Білім алушы артикуляцияға, баса айтуға, штрихтарға, динамикаға және тағы басқаға қатысты авторлық нұсқауларға терең еніп, түсіну керек. Бұның бәрі кешенді түрде оған композитордың және нақты шығарманың өзіндік стилін ашуға көмектеседі.

Төртінші тәсіл. Әр дыбысты ойша «айта» білуі жылдам орындалатын музыканы орындау барысында жақсы артикуляцияға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бесінші тәсіл. Дыбыспен жұмыс ең ауыр және көп еңбекті талап ететін жұмыс болып табылады. Сапалы дыбысталуға қол жеткізудің алғы шарттарының бірі болып, бірінші дыбысынан соңғысына дейін, тіпті дыбыс жоғалып кеткенше музыканы тыңдай алу болып табылады. Білім алушы шығарманың мазмұнына ене алу қажет, шығарманың

нақты жерінде автордың айтқысы келген нәрсесін терең түсініп, артикуляциялық және басқа да белгілерді орындауы керек.

Алтыншы тәсіл. Шығарманы оқып-үйренуде барлық тәсілдер мен амалдарды пайдалану оны жаттауға мүмкіндік береді. Тезірек жаттау керек болғандықтан, есте сақтауды тек есту, моторлы түріне ғана сеніп қоймай, аналитикалық, көзбен көрушілік, эмоциялық есте сақтау жадына да сүйенген жөн.

Жетінші тәсіл. Техникалық қиындықтарды жеңіп, шығарманы жатқа жаттағаннан, бөлшектеп талданғаннан кейін авторды ұсынған жылдамдықта шығарманы толығымен орындаған жөн.

Бұдан әрі, педагогтің көмегінсіз үйде жаттығу барысында білім алушы біртіндеп дербестікке қол жеткізеді, өзін-өзі таныту дағдыларын меңгереді. Алдымен еліктеу жолымен жүре отырып, өзінің көркемдік ойын іске асыру бастамашылдығын көрсете отырып, ол орындауына өзіндік ойын қоса бастайды, бұл білім алушылардың бойында өлшем сезімін және көркемдік талғамын қалыптастырады.

Білім алушының белгілі бір орындаушылық еркіндікке қол жеткізген соң, педагог шектеліп, оның өзінің дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік беруі қажет. Сонымен қатар педагог қашықтықта тұрып бақылайды: нота бойынша дұрыс орындауын бақылайды.

Шығармамен жұмыстың соңғы кезеңі.

Қорытынды кезеңнің міндеттері келесілерге қол жеткізуден құралады:

а) шығармаларды толық сенімді, сендіретіндей нақты орындай білу;

б) шығарманы кез-келген жағдайда, кез-келген аспапта, кез-келген тыңдарманның алдында орындай алу.

Музыкалық шығармамен жұмыстың алғашқы кезеңінде таныстыру мақсатында оны аудиожазбадан тыңдау абзал болса, ал қорытынды кезеңде көпшілік алдында орындауға дайын кезінде аудио және видеожазбаларды қайта тыңдау өте пайдалы.

Педагог білім алушыға концерттік өнер көрсету алдында ақылын айтып, өзінің күшіне сендіру қажет, ал өнер көрсетіп болғаннан кейін жақсы нәтижелерін айтып, кемшіліктерін ептеп айту қажет.

Ең алғашқы өнер көрсетуі – балалар үшін үлкен қызығушылық және шығармашылық ынта. Мектеп концерттері білім алушыларға музыкалық және шығармашылық қабілеттерін мейлінше ашуға көмектеседі, оған сенім ұялатады, пайдалы әншілік практика болады, халық әндерін орындауды әрі қарай дамытуға қызығушылықтарын оятады.

Музыкалық шығарманы жаттау барысындағы педагогтің рөлі зор. Мәтінді талдаудан бастап білім алушының сахнаға шығу кезеңіне дейін оның қатысуы белсенді шығармашыл болуы тиіс. Сабақ барысында

педагог оның орындауына, білім алушыны ноталық мәтінді дұрыс оқуға және барлық авторлық нұсқауларды орындауға, олардың пайдалану маңыздылығын түсіндіру қажет.

Осылайша, музыкалық шығармамен жұмыстың шегі жоқ. Ол концертте өнер көрсеткеннен кейін де жалғаса береді. Көпшілік алдында өнер көрсету дағдылары сынып жұмыстары және үй жұмыстары, сондай-ақ концерттік эстрада жағдайында алынады. Білім алушыға концерттік жағдай толық мұқият көңіл аударуын ескертіп отыру қажет. Бұл қобалжуды жеңудің маңызды бір шарттарының бірі.

Жақсы вокалдық техниканың болуы - ән айту процесінде дауысты «баптау» нәтижесінде дауыстың акустикалық көрсеткіштерінің (сыңғырлап шығу) жақсаруына алып келеді. Ән айтуда дағдыларынан басқа, шығармашылық ойларын іске асырып үйренулері маңызды. Қиялдарын, шығармашылық елестерін дамыту – бұл дауысты тәрбиелеу жұмысындағы қажетті бөлім.

Білім алушы бір уақытта өзінің жалпы мәдени және музыкалық деңгейін көтеріп отыруы қажет, себебі жалпы зияткерлігінің даму деңгейі жоғары болмай, ол ешқашан көркемдік табысқа қол жеткізе алмайды.

Репертуарды таңдау өлшемдері. Халықтық ән жеке орындаушылық нақыштарының көп түрлілігімен ерекшеленгендіктен, білім алушының дауысына және тембріне сәйкес келетін шығармаларды таңдау қажет, орындау нақышындағы даралықты табу керек. Білім алушылардың қабілеттеріне сәйкес сараланған тәсілді іске асырып, әр баланың физиологиясын жете түсінуі қажет.

Репертуар Батыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай, Маңғыстау өңірлерінің ән мектептерінің ең үздік шығармаларынан тұруы қажет. Ән материалдары көркемдік жағынан құнды, қанық, мазмұны жағынан түсінікті, орындауға қолжетімді және дамытушылық сипатта болуы қажет.

Репертуармен жұмыс барысында педагог шығармалардың бір бөлігінің концерт және емтихандарда орындалуға арналғандығын, ал екінші бөлігі сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыруға арналғандығын ескеруі қажет. Педагогикалық репертуармен жасалған жұмыстың аяқталғандығын педагог жеке жоспарда оқыту кезеңдерін анықтау арқылы бекітеді.

Барлық вокалдық жұмыс, сондай-ақ репертуарды таңдау және оны күрделендіру білім алушылардың вокалдық қабілеттерін ескере отырып, оларға қолжетімді болатындай етіп құрылуы тиіс.

Шығарманың поэтикалық бейнесін жасау мимикамен, қол қимылдарымен, костюмдермен, шаш қоюмен, гриммен, сахнада жүріп-тұру нақышымен толықтырылады және ерекшеленеді.

Концерттік репертуарды педагогпен бірге сыныпта оқытылған шығармалардан ғана құру қажет.

Білім алушының жеке жсопары. Әр жартыжылдықта педагог әр білім алушыға арналған жеке жоспарды әзірлейді, оқу бөлімімен бекітіледі. Жартыжылдықтың соңында педагог жоспарға енгізілген өзгерістер мен орындалуын көрсетеді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық даму деңгейіне, үлгеріміне сипаттама береді.

Баланың дамуын тек оқу процесінде көруге болады, сондықтан білім алушыларға қойылатын педагогикалық талаптар сараланған болуы керек. Білім алушының жеке жоспарына, музыкалық мүмкіндіктеріне, жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармаларды енгізуге жол берілмейді.

Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспар әзірленеді және оқу ұйымының жетекшісімен бекітіледі. Әр жыртыжылдықтың соңында жеке жоспарда алдында бекітілген репертуарлық тізімдердегі өзгерістерді көрсетуі және жоспардың орындалуын белгілеуі қажет, ал жылдың соңында білім алушылардың музыкалық қабілеттеріне толық сипаттама беру, оның еңбекке қабілеттілігін, үлгерімі мен II жартыжылдықтағы жоспардың орындалуын көрсетеді.

Білім алушының жеке жоспарын құру кезінде оқу жылының басы мен аяғындағы білім алушының сипаттамасына сәйкес болашақ және ағымдық уақытқа арналған жеке жұмыстың міндеттері ескеріледі.

Педагог білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес репертуарлық тізімді өз бетінше қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, репертуарды толықтырады.

Білім алушының жеке жоспарының негізін музыкалық шеберлікті дамытуға арналған жаттығулар, аспапта ойнауға үйрету, қазақтың дәстүрлі әндерін, балаларға арналған әндерді жаттау, өз бетімен оқу, нотаны парақтан оқу және тасымалдау, бұған қоса ән тектес күйлерді, дәстүрлі әндерді, балаларға арналған әндерді үйде пысықтауға арналған жаттығулардан құралады.

Білім алушылардың жеке жоспарлары кең репертуарлық үрдісін, қазақтың ұлттық және кәсіби музыканың, классикалық музыканың, заманауи музыканың элементтерін пайдаланып, репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

Бір сыныптағы білім беру бағдарламасының жеке жоспары, концерттік және емтихан бағдарламаларының күрделілік деңгейлері түрлі болы мүмкін.

Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту мақсатында сыныпта мұқият оқытылатын шығармалардан басқа, жеке жоспарға таныстыру мақсатында түрлі сипаттағы пьесалар мен оларды меңгерудің түрлі деңгейлері кіргізіледі.

Жеке жоспарға білім алушының жыл соңындағы жеке даму жақтарын көрсететін сипаттама қоса беріледі:

1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (есту, ритм, есте сақтау жады), білім алушының орындаушылық аппаратының аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемділігінің деңгейі;

2) Жалпы дамуы, эмоциялығы, сезімталдығы, жылдам әрекет етуі; музыкаға, музыка сабақтарына деген қарым-қатынасы;

3) еңбекке жарамдылығы, жинақылығы;

4) өз бетінше оқуға икемділігі, мәтінді талдаудағы сауаттылық деңгейі, музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;

5) жыл соңындағы жетістіктері;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктері және оларды жоюға қойылған міндеттер.

Жақсы музыкалық қабілеттері бар білім алушылармен қатар музыка мектептерінде музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар да оқиды. Оларды сабақ кезінде оқытудың дамыту әдістеріне, музыкада ойнаудың әр түрлерін пайдалану мен шығармашылық білікті дамытуға көбірек сүйену керек. Репертуарды таңдауда жеке жоспардың түрлі нұсқаларына жол беріледі.

Оқытудың алғашқы жылында (даярлық тобы, 1-2 сынып), сабақты оқытудың дәстүрлі формаларымен бірге шағын топтық сабақтар өткізілуі мүмкін, ол кезде сабақ тұтасымен екі-үш білім алушымен өткізуге жұмсалады.

Жинақталған уақыт нотаны парақтан оқуға, есту бойынша ойнауға, тасымалдауға, жалпы музыкалық дүниетанымды кеңейтуге жұмсалады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар. Педагогтің басты міндеттерінің бірі білім алушыларды өзіндік жұмыстарын жүргізуге үйрету: күрделі тұстарымен жұмыс істеуге үйрету, ноталық партияны парақтан жақсы оқу, мәтінді дұрыс айтуда сауатты жұмыс істеу.

Өзіндік жұмыс ұдайы және жемісті болуы қажет.

Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының көлемі - үй тапсырмасын орындауға ең аз уақыт жұмсап (балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын қатар меңгеру), музыка мектебінде қалыптасқан педагогикалық дәстүрлер мен әдістемелік мақсаттылыққа, сондай-ақ білім алушының жеке жоспарына сүйену қажет.

Білім алушы тек ноталық мәтінге назар аударып қана емес, сондай-ақ автордың барлық ұсынымдарына сәйкес сөздері мен әуенін жаттау қажет. Білім алушы педагогпен өткізілген әр сабақтан кейін, педагог көрсеткен кемшіліктерді жою үшін үйретілетін шығармаларды қайта жаттау қажет.

Педагог білім алушылардың үй тапсырмасын орындауын қадағалауы керек және осы пән бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес, ноталық басылымдармен, хрестоматиялармен қамтамасыз етілуі қажет.

Білім алушылардың өз бетінше үй жұмыстарын, шығарманы меңгерумен жұмысты жалғастыруды, сыныпта педагогтің жетекшілігімен басталған жұмысты жалғастыруды көздейді.

Үй жұмысын орындау – орындау тетіктерімен жұмыс, сонымен қатар шығармаларды жатқа білу мен орындау. Өз бетінше жұмыстың жемісті және нәтижелі болуы үшін оқушыға өз күшімен игере алатын, әлі жететін үй жұмысына нақты, дәл ой тұжырымын алуы қажет, ол білім алушының күнделігіне енгізіледі. Келесідей үй жұмыстарының түрлерін ұсынуға болады: жаттауы тиіс әннің әуенді ойнау ноталарының аталуы мен дирижирленуі, әуенді әртүрлі буында әндету, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу гимнастикасы, өзінің аккомпанементінде ән айту және т.б.

Үй жұмысын жақсы ұйымдастыру үшін баланың тұратын орнын, оның ата-анасының музыкаға қатынасын білу керек.

Ата-аналарының баланың музыка мектебінде білім алуны көзқарасы оның табыстарына айтарлықтай әсер етеді.

23. Сыныптар бойынша болжамды репертуарлық тізімдер.

1. Бірінші сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

Болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Еркем-ай. II түрі.
2. Халық әні. Еркем-ай. III түрі.
3. Халық әні. Елім-ай.
4. Халық әні. Елигай.
5. Халық әні. Жалпы әлем.
6. Халық әні. Құрбым жай.
7. Халық әні. Қарағым-ай.
8. Халық әні. Қалаулым.
9. Халық әні. Қошақаным.
10. Халық әні. Қоғалы-ай.
11. Халық әні. Ортеке.

Қазақстан композиторларының балаларға арналған әндері.

1. Ә.Телғозиев, Б. Қошым-Ноғай. Қалықта, шарым, қалықта.
2. Ә.Телғозиев, Б.Қошым-Ноғай. Неше
3. Ә. Бейсеуов, Б. Қошым-Ноғай. Ақын боп кеткім келеді.
4. Ә. Бейсеуов, Бауырсақ.
5. Б. Қошым-Ноғай, Р.Байқоңыров. Алтынсың ғой, анашым.
6. Е. Исаев, А.Исаділ. Мұғалім.
7. Е. Исаев, С.Әлімқұлов. Отан.
8. Д. Қанатбаев, И.Нүсіпбаев. Бесік жыры.

9. М. Қуанышбаев, И.Нүсіпбаев. Біздің Отан.
10. Е. Адамбала, Қ. Адамбалинов. Анама.
11. А. Шамкенов, З. Жақауова. Аяулы Астана.
12. Ұ. Есдаулет, И. Нүсіпбаев. Өмір қандай тамаша.
13. Ш. Смаханұлы, И. Нүсіпбаев. Ойна, бөпем.
14. Н. Әлімқұлов, И. Нүсіпбаев. Ойыншықтар.
15. Д. Стамбеков, Т. Исалиев. Елік.
16. Ә. Асылбеков, М. Ілиясов. Егеменді елім-ай.
17. М. Өзбеков. Тобылғы сай.
18. Р. Тайманов. Қазақ қызы.
19. Н. Тілендиев. Құттықтаймын, мама.
20. А. Қоразбаев. Өз балаңнан.
21. А. Қоразбаев. Көке мен бала.
22. А. Қоразбаев. Кеш жарық.

2. Екінші сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Гүлдерайым.
2. Халық әні. Үкілім-ай.
3. Халық әні. Желбір жекен.
4. Халық әні. Сәулем-ай. I түрі.
5. Халық әні. Сәулем-ай. II түрі.
6. Халық әні. Сәулем-ай. III түрі.
7. Халық әні. Құралай.
8. Халық әні. Сусамыр - елдің жайлауы.
9. Халық әні. Әсем әнін сырнайды.
10. Халық әні. Ақ дариға.
11. Халық әні. Қарғам-ау.
12. Т. Бақтыгереев. Барып қайт, балам, ауылға.
13. Ш. Ділдебаев. Шындық.

Қазақстан композиторларының балаларға арналған әндері.

1. М. Әлімбай, И. Нүсіпбаев. Мұғалім ол біздің.
2. Н. Оразалин, Т. Исалиев. Мамыр.
3. Е. Өтетілеуов, Ә. Бейсеуов. Біз шадыман баламыз.
4. Ф. Оңғарсынова, Б. Түзелбекова. Анашым.
5. Т. Молдағалиев, Р. Қоразбаев. Жан анам.
6. О. Асқар, Б. Түзелбекова. Алғашқы ұстаз.
7. Ф. Оңғарсынова, Б. Түзелбекова. Ғарышкер ағалар.
8. А. Махамбетова. Тұлпарым.
9. Б. Ғизатов. Біздің ән.
10. К. Әмірбек, А. Қоразбаев. Әке мен бала.
11. Б. Ғизатов, Ә. Дүйсенбиев. Біз өмірдің гүліміз.
12. Н. Тілендиев. Құттықтаймын, мама.
13. Б. Байқадамов. Айгөлек.
14. Б. Байқадамов. Домбыра.

15. И. Несіпбаев. Айналайын, ақ мамам.
16. М. Дауылбаев, Қ. Шалқар. Ақ қозым.
17. С. Қалиев, М. Дауылбаев. Біз ойнаймыз, ойнаймыз.
18. К. Дүйсекеев. Жау-жау, жаңбыр.
19. Қ. Қазыбеков, Ф. Жолдасов. Қуыршағым.
20. А. Асылбеков, А. Қоразбаев. Кеш жарық.

3. Үшінші сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Бипыл.
2. Халық әні. Ахау-керім.
3. Халық әні. Қоғалы-ай.
4. Халық әні. Ал жаным-ай.
5. Халық әні. Әриайдай.
6. Халық әні. Бүлдірген.
7. Халық әні. Жорғатай.
8. Халық әні. Гүлдариға.
9. Халық әні. Гүлдар-ай.

Халық композиторларының әндері.

1. Жаяу Мұса. Ақ сиса.
2. Біржан сал. Теміртас.
3. Мәди Бәпиұлы. Үш қара.
4. Үкілі Ыбырай. Қалдырған.
5. Ақан сері. Балқадиша.
6. Ақан сері. Ләйлім.
7. Абай. Сегіз аяқ.
8. Майра. 1 түрі.
9. С. Сейфуллин. Біздің жақта.

Қазақстан композиторларының әндері.

1. Н. Тілендиев. Жорық жыры.
2. Ж. Еңсепов. Жеңіс туралы жыр.
3. Т. Қажыбаев, А. Қоразбаев. Әгугай домбыра әні.
4. Х. Талғаров, И. Нүсіпбаев. Домбырасыз сән қайда.
5. А. Асылбеков, Е. Хасанғалиев. Ерден атайдың әні.
6. Н. Әлімқұлов, Ә. Еспаев. Батыр бала Болатбек.
7. Л. Ошанин, А. Островский. Әрқашан күн сөнбесін.
8. Ш. Смаханұлы, А. Қоразбаев. Әже әлдиі.
9. Қ. Қазыбеков, М. Омаров. Әнші балапан.
10. У. Бекетов. И. Нүсіпбаев. Мен әдепті баламын.
11. Л. Хамиди. Д. Әбілев.
12. Ж. Өмірбеков. Б. Ғизатов. Төлдер.
13. Н. Баймұхамедов, А. Жұбанов. Ақ көгершін.
14. А. Сарсеков, М. Дауылбаев. Көбелек.
15. Б. Тәжібаев. Ақбұлақ.
16. Ш. Сламханұлы, Ә.Телғозиев. Тұсау кесер.

4. Төртінші сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Дайдидау.
2. Халық әні. Көкем-ай.1 түрі.
3. Халық әні. Маусымжан.
4. Халық әні. Ой көк.
5. Халық әні. Қымыз құйғыш.
6. Халық әні. Угай-ай.
7. Халық әні. Абайкөк.
8. Халық әні. Ақ Айша.
9. Халық әні. Айжан-ай.
10. Халық әні. Айтжан-ай.
11. Халық әні. Ақ Дариға.
12. Халық әні. Әдемі қыз.
13. Халық әні. Он алты қыз.
14. Халық әні. Секіртпе.
15. Халық әні. Су самыр елдің жайлауы.
16. Халық әні. Топ дуадақ.
17. Халық әні. Туған жер.
18. Халық әні. Шилі өзен.
19. Халық әні. Үкілім-ай.
20. Халық әні. Ал, жаным-ай.

Халық композиторларының әндері

1. Біржан сал. Бурылтай.
2. Біржан сал. Көкек.
3. Біржан сал. Теміртас.
4. Ақан сері. Жылқылы бай.
5. Ақан сері. Балқадиша.
6. Ақан сері. Қара торғай.
7. Ақан сері. Маңмаңкер.
8. Ақан сері. Сырымбет.
9. Естай. Жай қоңыр.
10. Естай. Қорлан.
11. Естай. Сандуғаш.
12. Жаяу Мұса. Киргизский жәрмеңке.
13. Жаяу Мұса. Ақ сиса.
14. Абай. Желсіз түнде жарық ай.
15. Абай. Домбыраға қол соқпа.
16. Абай. Айттым сәлем, Қаламқас.
17. Үкілі. Ыбырай Қалдырған.
18. Үкілі Ыбырай. Гәкку I, II, III түрі.
19. Тайжан. Ұлытау.
20. Тайжан. Тайжан әні.

21. Әсет Найманбайұлы. Қоңыр қаз.
22. Майра Уәлиқызы. Майра. II түрі.
23. Кенен Әзірбаев. Көк шолақ.
24. Кенен Әзірбаев. Туған жер.
25. Кенен Әзірбаев. Ой жайлау.
26. Кенен Әзірбаев. Алатау Алабында.
27. Балуан Шолақ. Майда қоңыр.
28. Нартайдың термесі.

Қазақстан композиторларының әндері.

1. Н.Тілендиев. Саржайлау.
2. М. Ержанов. Сайра бұлбұл
3. С. Кәрімбаев. Тракторшы қарындас.
4. Ж. Сейілов. Жез киік.
5. Л. Әдбіхалықова. Есіңе мені алғайсың.
6. Ш. Ділдебаев. Шындық.
7. Б. Қонысбаев, Т. Нұрқожа. Қазақ осы.

5. Бесінші сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Топ дуадақ.
2. Халық әні. Шіркін-ай.
3. Халық әні. Қара торғай.
4. Халық әні. Құрбым-ай.
5. Халық әні. Он алты қыз.
6. Халық әні. Алқоңыр.
7. Халық әні. Ахау керім.
8. Халық әні. Әйкен-ай.
10. Халық әні. Жорғатай.
11. Халық әні. Қара көзім.
12. Халық әні. Ой, қарағай.
13. Халық әні. Дедім-ай-ау.
14. Халық әні. Айтжан-ай.
15. Халық әні. Сәулем-ай.
16. Халық әні. Ақ айша.
17. Халық әні. Желкілдек.

Халық композиторларының әндері.

1. Біржан сал. Жалғыз арша.
2. Біржан сал. Адасқақ.
3. Ақан сері. Сырымбет.
4. Ақан сері. Шырмауық.
2. Қ. Жапсарбаев. Қалқа.
2. К. Әзірбаев. Бозторғай.
4. Е. Беркімбаев. Сандуғаш.
5. Иманжүсіптің әні.
6. Қ. Байғабыл. Үш меркі.

7. С. Мошанұлы. Сары бидай.
8. С. Мошанұлы. Ахай, қалаулы-ай.
8. А. Құнанбаев. Көзімнің қарасы.
9. Ғазиз. Ғазиздің әні.
10. Шәкәрім. Анадан алғаш туғанда.
13. А. Байтұрсынов. Аққұм.
11. С. Сейфуллин. Тау ішінде.
12. С. Сейфуллин. Біздің жақта.
12. И. Байзақов. Желдірме.
14. Б. Жылқыбайұлы. Домбыра.
13. Мұхит сал. Көк айдай.
15. Б. Көпенұлы. Ой, кідігі-ай.
16. Жаяу Мұса Байжанұлы. Хаулау.
14. Сүгір жыраудың термесі.
15.Тұрмағамбет. Тәлім.
16. Нұртуған. Қанеки, тілім, сөйлеші.

Қазақстан композиторларының әндері,

1. А. Жұбанов. Ақ көгершін.
2.С. Керімбаев. Ақ тамақ.
2. Қ. Аманжолов. Өзім туралы.
3. М. Жанболатов. Ән домбыра.
4. І. Жақанов. Еділ мен Жайық.
5. Ш. Қалдаяқов. Теріскей.
6. Ә. Бейсеуов. Қыз Қорлан.
7. И. Нүсіпбеков. Мейірбан ұстаздар.
8. И. Нүсіпбеков. Достық.

6. Алтыншы сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Ахау-қызғыш.
2. Халық әні. Әгугәй.
3. Халық әні. Балапан қаз.
4. Халық әні. Бүлдірген. II түрі.
5. Халық әні. Бұлбұлым.
6. Халық әні. Бекзатым.
7. Халық әні. Жариям-айдай.
8. Халық әні. Угәй-угәй.
10. Халық әні. Қара торғай.
11. Халық әні. Қалқатайдың дауысы-ай.
12. Халық әні. Қара көзім.
13. Халық әні. Сары жез құмған-ай.
14. Халық әні. Сүржекей.
15. Халық әні. Беу айдай.
16. Халық күйі. Жастар биі.

17. Халық күйі. Кеңес.
18. Халық күйі. Шыңырау.
19. Халық күйі. Тел қоңыр.
20. Халық күйі. Тепең көк.
21. Халық күйі. Ақжелең.
22. Халық күйі. Көк дөнен.
23. Халық күйі. Айжан қыз.
24. Халық күйі. Айда былпым.
25. Халық күйі. Тел күрең.
26. Халық күйі. Сал күрең.
27. Халық күйі. Нар ағашы.
28. Халық күйі. Қара жорға.
29. Құрманғазы. Бозшолақ. Аман бол, шешем, аман бол.
30. Құрманғазы. Балбырауын.
31. Дәулеткерей. Қос алқа. I-II түрі. Құдаша.
32. Қазанғап. Учитель. Шынаяқ тастар.
33. Дина. Тойбастар.
34. Тәттімбет. Қосбасар. I-V түрі. Көкейкесті. Сылқылдақ.
35. Боранқұл. Кең жайлау.
36. Сүгір. Ыңғай төк. Кер толғау. I-II түрі.
37. Қаратау шертпесі. Қыздарбек. Сылқым қыз.

Қазақстан композиторларының әндері.

1. С. Адамбаев, Ә.Еспаев. Маржан қыз.
2. А. Шамкенов. Ұстазым.
3. О. Әубәкіров. Сағыныш екен бала кез.
4. М. Әлімбаев, Ш.Қалдаяқов. Той басталды.
5. Ж. Нәжмеденов. Менің Қазақстаным.
6. Н. Әлімқұлов, С.Кәрімбаев. Мойынқұмда.
7. Қ. Байсейітов, Е. Хасанғалиев. Ақтамақ.
8. Қ. Мырзаәлі, Т.Базарбаев. Атамекен.
9. Ж. Бейсенов. Ауылым.
10. Қ. Мырзаәлі. Тамаша.
11. Т. Молдағалиев, К.Дүйсекеев. Қаздар қайтқанда.
12. Ш. Сариев. Домбыра туралы баллада.
13. Ш. Сариев. Сәлем саған, туған ел.
14 Ш. Сариев, Ж.Сейілов. Қазағымның күйлері-ай.
15. К. Салықов. Жез киік.
16. А. Шамкенов, Д. Жолжақсынов. Ана туралы баллада.
17. С. Жиенбаев, Ж.Тұяқбаев. Ауыл қарттары.
18. Ш. Сариев, Ш. Әбілтаев. Айналдым сенен, атамекен-ай.
19. К. Салықов, Т.Рахимов. Бір ауыз сөз.
20. М. Мақатаев. Сәби болғым келеді.
21. М. Мақатаев, Т.Шәмілов. Аягөз ару.

22. Т. Шәмілов, М.Омаров. Әнші құрбым.
23. Қ. Жұмағалиев. Анашым.
24. Қ. Қазыбаев. Әке арманы.
25. Қ. Қазыбаев, Р.Тайманов. Қыз сыны.
26. И. Сапарбаев, С.Сейфуллин. Қазақ қызы.
27. С. Оразбаев. Ақсақ киік.
28. М. Мақатаев, Ә.Телғозиев. Тоқта, балам, атаң келеді артыңда.
29. Қ. Мырзаәлі, Ж.Кәрменов. Қазақ осы.
30. Т. Бақтыгереев. Толғау.
31. А. Қадырбаева, Ж.Қыдыров. Барып қайт, балам, ауылға.
32. Тойбастар.

7. Жетінші сыныпқа арналған болжамды репертуарлық тізім.

1. Халық әні. Құралай.
2. Халық әні. Сәулем-ай.
3. Халық әні. Гүлдерайым.
4. Халық әні. Қалаулайлім.
5. Халық әні. Шынар-ай.
6. Халық әні. Желбір жекен.
7. Халық әні. Қара көзім.
8. Халық әні. Жанай керім.
9. Халық әні. Бүлдірген.
10. Халық әні. Екі жирен. I-II түрі.
11. Халық әні. Ахау-керім.
12. Халық әні. Жалғыз жусан.
13. Халық әні. Қымыз құйғыш.

Ақын-жыраулардың өсиет-термелері.

1. Тұрмағанбет. Тәлім.
2. Тұрмағанбет. Не қызық.
3. Тұрмағанбет. Халқыңа қызмет қыл.
4. Базар жырау. Айдан ару нәрсе жоқ.
5. Базар жырау. Сөйле десең сөйлейін.
6. Халық термесі. Не жаман.
7. Шораяқтың Омары. Өсиет.
8. Майлықожаның термесі.
9. Қазтуған жырау. Алаңда, алаң-алаң жұрт.
10. Бұхар жырау. Биік тауға жарасар.
11. Болман ақын. Өсиет.
12. Мақтұмқұлы. Биік таулар.
13. Нұрымның толғауы. Мен қашаны жүйрігің.
14. Ж. Кәрменов. Жігіттерге өсиет.
15. Ш. Ділдебаев. Шындық толғауы.
16. К. Салықов. Дала поэмасы.
17. Бәлтекейдің Мұқаны. Терме.

18. Е. Жақыпбек.

Халық композиторларының әндері.

1. Абай. Өлсем орным қара жер сыз болмай ма.
2. Абай. Татьяна хаты.
3. Ақан сері. Майда қоңыр.
4. Ақан сері. Балқадиша.
5. Әсет. Інжу-маржан.
6. Біржан сал. Сырғақты.
7. Біржан сал. Теміртас.
8. Кенен. Бұлбұлға.
9. Кенен. Бозторғай.
10. Мәди. Үшқара.
11. Үкілі Ыбырай. Гәкку.
12. Тайжан. Сақ-сақ.
13. Мұхит. Көк айдай.
14. Қайып. Жадау көк.
15. Қайып. Ақ бөбек.
16. Шашубай. Аққайың.

Қазақстан композиторларының әндері.

1. С. Сейфуллин. Бабаларыма шағым.
2. Қ. Аманжолов. Өзім туралы.
3. Ж . Кәрменов. Ағалар-ай.
4. Ж. Кәрменов. Бабалар.
5. Е. Беркімбаев. Соңғы ән.
6. Ж. Сейілов.
7. К. Салықов. Жез киік.
8. К. Салықов. Сарыарқа
9. Д. Рақышев. Саясында алманың
10. С. Медеубекұлы. Алатау
11. Ж. Әбдіраманов. Кегенге кел.
12. М. Жолдасбеков. Ей қалқа.
13. М. Әлиасқаров. Домбыра қолқанатым.
14. Б. Тлеухан. Елім менің.
15. А. Әбдуалі. Жақсы да болсаң.

Ән тектес халық және халық композиторларының күйлері.

1. Халық күйі. Тел қоңыр.
2. Халық күйі. Тепең көк.
3. Халық күйі. Ақжелең.
4. Халық күйі. Айжан қыз.
5. Халық күйі. Айда былпым.
6. Халық күйі. Тел күрең.
7. Халық күйі. Сал күрең.
8. Халық күйі. Қара жорға.

9. Халық күйі. Ел айрылған.
10. Халық күйі. Шернияз.

Халық композиторларының күйлері.

1. Құрманғазы. Айда, бұлбұл, Айжан-ай.
2. Құрманғазы. Ақсақ киік.
3. Құрманғазы. Алатау.
4. Құрманғазы. Адай.
5. Дина. Тойбастар.
6. Дәулеткерей. Қосалқа.
7. Қазанғап. Шынаяқ тастар.
8. Қазанғап. Құс қайтару.
9. Тәттімбет. Қосбасар I-V түрі.
10. Тәттімбет. Көкейкесті.
11. Тәттімбет. Сылқылдақ.
12. Қыздарбек. Сылқым қыз.
13. Дайрабай. Дайрабай.
14. Сүгір. Ыңғай төк. I, II түрі.

Қазіргі заман композиторларының күйлері.

1. А. Жұбанов. Би күйі.
2. Н. Тілендиев. Ата толғау.
3. Н. Тілендиев. Әлқисса.
4. Қ. Ахмедияров. Атырау.
5. Қ. Ахмедияров. Қуаныш.
6. С. Тұрысбеков. Көңіл толқыны.
7. С. Тұрысбеков. Ақ жауын.

24. Қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Абзелбаев М.Н. Культура сценической речи в сборнике научных трудов. Ч., 1992.

2. Абзельбаев М.Н. Воспитание речевого дыхания актера: научно-методическая разработка. А., 1988.

3. Антонова Л.В. Особенности формирования певческой дикции: учеб. метод. пособие. Самара, 2009. – 110 с.

4. Апраксина О.А. Методика развития детского голоса: учебное пособие. М.: МПГИ им. В.И.Ленина, 1983. – 96 с.

5. Байсеркеұлы М. Сахна және актер: оқу құралы. А., 1993.

6. Байбек А. Песенный стиль Арки в контексте этносольфеджио (вузовский курс). дис. на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – Алматы, 2009.

7. Бегалинова Г. Казахский музыкальный язык. Алматы: КазНИИКИ, 2001.

8. Бацин В.К., Кузмин М.Н. Национальные проблемы образования в Российской Федерации. М.,1994.

9. Берсигурова Ч.А. Современное искусство Казахстана»: проблемы и поиски. Сахна тілі - сөз өнері. Алматы, 2002.

10. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық /Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989.

11. Багадуров В.А. Очерки по истории вокальной методологии. ч. 1. -М.: Музсектор Госиздата, 1929.

12. Бердібай А. Песенная форма с разделом қайырма (на материале сборника песен «Жетісу әуендері»). Этномузыкальные традиции в музыке. – А., 2000.

13. Бабіжан Б. Қазақтың жүз қара өлеңі. Әндер. – Алматы: Сорос-Қазақстан, 2002.

14. Дзержинская И. Музыкальное воспитание младших школьников. - М., 1989 г.

15. Глинка М.И. Упражнения для усовершенствования голоса. Полное собр. соч. Т. 11. / подгот. Н.Н.Загорный. – Л.: Госмузиздат, 1963. – 113 с.

16. Гонтаренко Н.Б. Сольное пение: секреты вокального мастерства. Ростов н на Дону: Феникс, 2006. – 156 с.

17. Диневич Ю.В. Класс сольного пения: методика сознательного управления голосообразованием: учебное пособие. Тула, 2005

18. Елебек келіні Х. Мәди салған ән еді әуелетіп. //Қайран Жүсекем. – Алматы: Санат, 1998. – 9-22 б.

19. Егоров А.А. Гигиена голоса и его физиологические основы. М.: Муз-гиз, 1962. – 172 с.

20. Елеманова С. Индивидуальный стиль в казахской устно-профессиональной традиции. Борбад и художественные традиции народов Центральной и передней Азии: история и современность. – Душанбе, 1990.

21. Еламанова С. О профессионализме в дореволюционной казахской музыкальной культуре // Изв. АН Каз. ССР.Сер. фил. – 1981 №4.

22. Емельянов В. Развитие голоса «Координация и тренинг».- Спб., 1997 г.

23. Жанпейісова С. «Сал» мен «сері» типтерінің зерттелуі. Болату Сарыбаеву – 80 лет (материалы межд.науч-практической конференции). А., 2007.

24. Жұбанов А . Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975.

25. Жұбанов А. Ән – күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976.

26. Кабалевский Д.М. Музыка. 1-8 кл. Просвещение. 2006.

27. Қабдолов З. Сөз өнері. / З. Қабдолов. – Алма-Ата: Мектеп, 1976.

28. Қоспақов З. Қазақтың әншілік өнері. – Алматы: Жазушы, 1999.

29. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің. – Алматы: Жазушы, 1996.

30. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы. 1991.

31. Қазақ әндері. 3 томдық. – Алматы: Жазушы, 1968.ой традиции. Историческая морфология: К 60-летию И.Земцовского: сборник статей. – М., 2002.

32. Құнанбаева А. «Жанровые дубли» как универсалии традиционной культуры.

33. Каракулов Б. Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса. Автореф. дис...канд. искусствоведения. – Алматы, 1973.

34. Кузбакова Г. О реконструкции обрядовых песен в записи А.Затаевича //Известия Министерства науки – АН РК. Серия филологическая. – Алматы, 1996.

35. Лаптева Е.В. 600 упражнений для развития дикции. / Е.В. Лаптева. – М.: Астель: Профиздат, 2007.

36. Мұхамбетова Ә. Қазақтардың дәстүрлі музыка мәдениеті ХХ ғасырдың әлеуметтік ауқымында // Дәстүрлі қазақ музыкасы және ХХ ғасыр. – Астана, 2013.

37. Кузембаева С. Формирование гармонии в казахской музыке. – Алматы, 1977.

38. Марғұлан Ә. О носителях древней поэтической культуры казахского народа/М.О.Ауезов. Сборник статей к его шестидесятилетию. – Алматы, 1959.

39. Малахов А.Современные дыхательные методики. Донецк, 2003.

40. Мешко Н. Искусство народного пения / Практическое руководство обучения искусству народного пения.- ч 1. - М., 1996 г.; ч. II. – М., 2000 г.

41. Медеубек С. Ақыл, нақыл, өсиет. Қазақ ауыз әдебиетінің терме жанры. – Алматы: «Санат», 1996.

42. Мешко Н.К. Искусство народного пения. – М., 1996.

43. Мерғалиев Т. Домбыра сазы. – Алматы., 1972. – 107-301 бб.

44. Морозов В.П. Искусство резонансного пения. Основы резонансной теории и техники. М.: МГК им. П.И.Чайковского, ИП РАН, Центр «Искусство и наука», 2002. – 496 с.

45. Нұғыманова Ә. Балалар дауысының тәрбиесі. – Алматы: Жазушы, 1970.

46. Найманбаев Ә. Шығармалар: Өлеңдер, айтыс-қағыстар мен дастандар/ Құраст. Б.Нұржекеев, Б.Абылқасымов. – Алматы: Жазушы, 1988.

47. Омарова Г. Орта музыка оқу мекемелерінің қазақ халық бөлімдеріне арналған этносольфеджио бойынша Типтік оқу бағдарламасы. – Алматы, 2005.

48. Овчинникова Т.Н. К вопросу о воспитании детского певческого голоса в процессе работы с хором.// Музыкальное воспитание в школе. Вып. 10. М.: Музыка, 1975.

49. Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің музыка пәніне арналған «Мұрагер» бағдарламасы. Алматы: «Ұмай», 2003.

50. Тлеухан Б. Қазақтың кәсіби вокалды өнерінің кейбір ерекшеліктері// Құрманғазы және ғасырлар тоғысындағы дәстүрлі музыка: Халықаралық конференцияның материалдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998.

51. Уалиханов Ш. О формах казахской народной поэзии. Труды по фольклору//Классикалық зерттеулер. – 12 том. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013.

52. Утегалиева С. О специфики взаимосвязи слухового и визуального начал у музыкантов-интрументалистов бесписьменной традиции // Народные музыкальные инструменты и инструментальная музыка. Сб. Статей материалов в 2-х частях. 1 часть. – Москва: «Сов. композитор», 1987.

53. Үкілі Ыбырай. Гәкку. / Құраст. Салықов К. – Астана:Фолиант, 2005.

54. Халық әндері мен халық композиторларының әндері. 1 – том. /Құраст. Ж.Кәрменов. – Алматы: Өнер, 1990.

55. Халық әндері мен халық композиторларының әндері.Екі томдық. / Құраст. Ә.Нұрбаев. – Алматы: Өнер, 1991.

56. Шәкәрім. Аманат. / Құраст. Бекхожина Т. – Алматы: Өнер, 1989.

57. Ивановский А.А. Казахский народный поэт-певец Ногойбой (статья 1889 г.) Ранние предпосылки казахского музыкознания. Классикалық зерттеулер. – 14 том. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 111-116 бб.

58. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том.– Алматы: « Ғылым», 1976. 7– 695 бб.

59. Райымбергенов А. Күй шақырғыш Ақжелең. Қазанғап Ақжелең. – Алматы: «Өнер», 1984.

60. Тоқтаған А. Атыраудың 62 Ақжелеңі. Оқу құралы. – Алматы: «Өлке», 2000.

61. Тоқтаған А, Әбуғазы М. Балмағанбетов Сәдуақас. Саз зергері Қазанғап. – Алматы: ЖШС «Баспа», 2001.

62. Тоқтаған А. Аппликатурно-исполнительские особенности локальных традиций домбрового искусства. Алматы, 1990.

63. Тоқтаған А. Домбырашыларды даярлаудағы қосымша материал ретіндегі халықтық музыкалық терминология. – Алматы, 1989.

64. Сейдімбек.А. Құндылықты парықтау. Қазақтың күй өнері. – Алматы: Күлтегін, 2002. – 9-11бб.

65. Сабырова А. Традиционные музыкально-эстетические представления казахов в «қара өлең» / «Рух-Мирас» №2-3 (9), 2006.

66. Мұхамбетова А.И. Қағажу көрген қазақ музыкасы. Жұлдыз, 1991, №5.

67. Закиров Л. Почему китайские татары поют мелодично? Литературная газета. 2000 №36.

68. Жақанов І. Ән тағдыры. Жұлдыз, 1991, №5.

69. Кәрменов Ж. Қазақ әндерінің антологиясы. А., «Өнер», 1991. 1 том, 8б.

70. Жүсіпов Б. Өнер жәдігерлерінің сақталынуы хақында. Жиделі Байсын күйлері: Оқу құралы. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 284-285бб.

71. Ұлтарақова Г.Е., Құрұмбаева Г.Ж. «Домбыра» балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту мерзімі 5-7 жыл) – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2013. – 48 бет.

72. Орлова Т.М, Бекина С.И. Учите детей петь. – М.: Просвещение, 1987. – 144 с.: ил.

73. Савостьянов А. И. 300 упражнений учителю для работы над дыханием, голосом, дикцией, орфоэпией: учебно-практическое пособие. / А. И. Савостьянов. – М.: Педагогическое общество России, 2005.

74. Самолдина С.А. Современные методы развития вокального мастерства учащихся. Журнал. Концепт. Выпуск № 520. 2015.

75. Стулова Г.П. Развитие детского голоса в процессе обучения пению. М.: Прометей, 1992.

76. Тұранкулова Д.Т. Көркемсөз оқу шеберлігі. А., 2001.

77. Тұранкулова Д.Т. Сахна тілі. Алматы: 2004.

78. Тұранкулова Д.Т. Сырлы сөз – сахна сәні. А., 2003.

79. Тұранқулова Д.Т. Сахна тілі: оқу құралы. А., 1999.

80. Терентьева Н.А. Художественно-творческое развитие младших школьников на уроках музыки в процессе целостного восприятия различных видов искусства. — М., 1990.

81. Щетинин М. Дыхательная гимнастика Стрельниковой. М.: ФИС, 2000.

82. Юишанов В.И. Вокальная техника и её парадоксы. СПб.: Деан, 2001.

Ноталық жинақтар тізімі

1. Абай. Айттым сәлем, Қаламқас. /Құраст. Ерзакович Б.Г. – Алматы: Өнер, 1996.

2. Ақан сері. Маңмаңгер: Әндер. – Өңд., толықт. 2-ші бас./ Құрастырған Қ.Жүзбасов. – Алматы: Өнер, 1988.

3. Әзірбаев К. Алатау алабында: Әндер/ Құраст. Е.Қосбармақов. – Алматы., 2008.

4. Әсет. Інжу-Маржан: Әндер/Құраст. Қ.Жүзбасов. – Алматы: Өнер, 1992.

5. Әзірбаев К. Шырқа, дауысым. – Алматы., 1984.

6. Әбуғазы М. Сарыарқа әндері. Антология. - Алматы., 2009.

7. Балуан Шолақ/Құраст.: С.Оспанов. – Алматы: Жалын, 1998.

8. Біржан сал Қожағұлұлы. Ләйлім шырақ. Әндер /Құраст. Ерзакович Б.Г, Дербісалин Ә, Қоспақов З. – Алматы: Өнер, 1983.

9. Бекхожина Т. 200 казахских песен. – Алматы., 1972.

10. Бәбіжан Б. Қазақтың жүз қара өлеңі. – Алматы., 2002.

11. «Балдырған» журналы. №11. – 2012ж, №5, 8, 10. – 2013 ж, №2, 3, 5, 6, 7, 9, 10. – 2014 ж, №4. – 2015 ж.

12. Дауылбаев М. Біз бақытты балдырған. – Алматы: РАДИАЛ, 2006.

13. Естай Беркімбайұлы. Қорлан. /Құраст. Ерзакович Б.Г, Қоспақов З. – Алматы: Ғылым, 1994.

14. Ержанов М. Қуанамын. – Алматы: Өнер, 1984.
15. Жаяу Мұса. Ақ сиса. /Құраст.Қоспақов З. – Алматы: Өнер, 1985.
16. Жаяу Мұса. Ән-күйлері. /Құраст. Майчекин. М. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиеті, 1959.
17. Жетісу әуендері/ Құраст. С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеев. – Алматы., 1998.
18. Жетісу күйлері/ Құраст. С.Медеубекұлы, Б.Мүптекеев. – Алматы., 1998.
19. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. - Алматы: Өнер, 1992.
20. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – Москва: Музгиз, 1963.
21. Затаевич А. 500 казахских песен и кюев . – Москва: Музгиз, 1931.
22. Мақпал. Жүз ән/ Құраст. М.Төлебаев, Н.С. Кетегенова. – Алматы: Жалын, 1979.
23. Омарова Г.Н., Мұрзағалиев. Г.И. ЭТНОСОЛФЕДЖИО. Ноталық қосымша. – Алматы, 2005.
24. Спанов Ө. Домбыра үйренейік. Алматы: «Әуен», 2000.
25. Сейдімбеков А. Күй шежіре. –Алматы., 1992.
26. Сейдімбеков А. Қазақтың әйгілі күйшілері IX-XX ғасырлар. Алматы: Қазақстан, 1992.
27. Сахарбаева К. Домбыра үйрету әдістері. – Алматы., 2003.
28. Сарин Е. Арқаның кәсіби ән мектебі. – Астана., 2009.
29. Тәттімбет және Арқа күйлері. /Құраст. А. Тоқтаған, М. Әбуғазы, Алматы: 2005.
30. Тәттімбет «Саржайлау». /Құраст. Үсенов Е.«Өнер» Алматы, 1988.
31. Тоқтаған А, Әбуғазы М. Құрманғазы. – Алматы.,2005.
32. Үкілі Ыбырай. Гәкку. / Құраст. Жүзбасов Қ, Қоспақов З. – Алматы: Өнер, 1995.
33. Балаларға арналған әндер жинағы. – Алматы, 2013.
34. Балауса әуендері: балалар мен жеткіншектер әндері. Қарағанды, 2006.
35. Борамбаева К., Қорғанбекова Ш. Сазды әлем: балаларға арналған әндер жинағы. / К. Борамбаева, Ш. Қорғанбекова. – Астана, 2015.
36. Ән қанатында: балалар әндері. – Караганда, 2004.
37. Қалдаяков Ш. Менің Қазақстаным. Алматы: Өнер, 1981.
38. Қонытбаев Т. Елім - ай. Алматы: Өнер, 1994.
39. Маханбетова А. Әнші болғым келеді. Алматы: Өнер, 2012.

Образовательная программа по предмету «Традиционное пение» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств

1. Образовательная программа по предмету «Традиционное пение» для детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств (далее - Программа) определяет цель, задачи, сроки обучения, содержание, программные требования по каждому классу, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации**,** ожидаемые результаты освоения учебного предмета, критерии оценок, методическое обеспечение предмета.

2. Результатом обновления содержания образования является овладение обучающимися системой ключевых компетенций, позволяющих эффективно применять усвоенные знания и успешно использовать в процессе социальной адаптации.

3. Сроки реализации программы – 5-7 лет.

4. Цель программы: духовное и музыкальное развитие обучающихся, приобщение детей к основам национальной музыкальной культуры, создание условий для обучения учащихся традиционному пению, творческое развитие обучающихся через практическое освоение основ исполнительского мастерства, формирование вокально-исполнительских умений и навыков.

5. Задачи программы:

1) знакомство с искусством традиционного пения;

2) обучение пению традиционных песен с живого голоса без нот;

3) обучение основным приемам исполнения песен с домбровым аккомпанементом;

4) знакомство с основами традиционного исполнительства народных песен разных региональных школ, историей создания песен-легенд, вариантами и особенностями исполнения народных песен исполнителями разных лет, донесших народное искусство до наших дней;

5) развитие творческих способностей детей, мышления, эстетического вкуса, музыкального слуха, умений импровизировать, ориентироваться в музыкальных традициях, способствовать утверждению индивидуальности обучающегося.

6. Программа направлена на комплексное развитие личности обучающегося, формирование умений певческой деятельности, совершенствование специальных навыков традиционного пения, координацию деятельности голосового аппарата с основными свойствами певческого голоса и развитие слуховых навыков.

7. Обучение строится с учетом возрастных, психологических особенностей обучающегося и основывается на дифференциации и индивидуализации.

8. Обучающийся приобщается к музыке через исполнение традиционных песен, углубляет знания о музыкальных явлениях. Раскрытие основных характеристик музыкального искусства в его историческом развитии приобщает учащихся к традициям исполнения, распространения, передачи лучших образцов народной песни от поколения к поколению и составляет сущность уроков по традиционному пению. Вокальная работа, подбор репертуара строится на доступном обучающимся материале.

9. Программа обучает учащихся традиционному пению с домброй в национальной манере. Обучающийся осваивает, во-первых, метод традиционного пения, во-вторых, исполнение традиционных песен, синхронизируя голос исполнителя и звуки домбры, в-третьих, свободное исполнение на домбре музыкальных произведений без пения.

10. Содержание образовательной программы базируется на традиционной культуре казахского народа: казахские традиционные песни, кюи, песни народных композиторов, современных композиторов Казахстана.

Направления национального музыкального искусства казахов – *ән, күй, жыр* делятся на несколько исполнительских школ в зависимости от места регионального расположения. Это школы, условно названные: Арка (центральный, северный и восточный области), Жетысу (южный и юго-восточный области) и Батыс (западный и юго-западный области).

11. Предмет «Традиционное пение» ориентирован на индивидуально-дифференцированный подход к каждому обучающемуся. Особое внимание обращается на доступность, постепенность и последовательность в освоении музыкальных знаний, пробуждение у детей интереса к занятиям.

12. Учебный предмет «Традиционное пение» направлен на приобретение детьми знаний, умений и навыков традиционного пения, игры на домбыре, получение ими художественного образования, а также на эстетическое воспитание и духовно-нравственное развитие учащегося.

13. Обучение традиционному пению включает в себя музыкальную грамотность, чтение нот с листа, навыки игры на домбре, овладение основами аккомпанемента и навыки самостоятельной работы.

14. Программа ориентирована на детей, имеющих музыкальные способности. Теоретические знания обучающийся получает

одновременно с практикой.

15. Межпредметные связи дисциплины с предметами учебного плана «Этносольфеджио», «Казахская музыкальная литература».

